



ТАСҚЫНМЕН КҮРЕС
ТОЛАСТАҒАН ЖОҚ

8-БЕТ | ҚАЛА МЕН САЛА



ҚАЗАҚ ТОБЫ ЖОҚ
БАЛАБАҚША

9-БЕТ | БІЛІМ



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Мен ғылымды дамыту туралы үнемі айтып жүрмін. Әрине, ғылымды бір күнде немесе бір жылда дамытып жіберу мүмкін емес. Ұзақ уақыт табанды жұмыс істеу керек. Өкінішке қарай, Қазақстанда ондаған жыл бойы ғылымға жете мән берілген жоқ. Шынын айту керек, еліміздің бұрынғы ғылыми әлеуеті мен инфрақұрылымын жоғалтып алдық. 40 мың ғалым 90-жылдардағы қиын кезеңде ғылымнан мүлде қол үзді. Кейбір институттар сақталып қалғанымен, жалпы ғылым біртұтас жүйе ретінде қатты әлсіреп кетті. Осының салдары енді көрініп жатыр. Біз еліміздің ғылыми әлеуетін қалпына келтіруіміз керек.

№44
(4632)
Сенбі
13 сәуір
2024 жыл



ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ЖҮРЕКТЕН ЖҮРЕККЕ ЖЕТЕДІ

Астана қаласының Достық үйінде Қазақстан халқы Ассамблеясының «Жүректен жүрекке» арнайы жобасының кезекті қайырымдылық акциясы өтті.

Бұл жолы Солтүстік Қазақстан облысының су тасқынынан зардап шеккен азаматтарына жалпы сомасы 25 млн теңгеге 7 гуманитарлық көмек толы жүк машинасы немесе 35 тоннаға жуық азық-түлік, төсек-орын және бірінші қажеттіліктегі заттар жөнелтілді.

ҚХА-ның «Жүректен жүрекке» қайырымдылық жобасы барлық қазақстандықтардың қолдауына ие болды. Республика бойынша осы ұйымның 11 мыңнан астам еріктілері жұмылдырылды. Жалпы, зардап шеккен аймақтарға 385 тонна азық-түлік және қажетті тауарлар жеткізілді. Ассамблея мүшелері көрсеткен гуманитарлық көмектің жалпы сомасы шамамен 400 млн теңгені құрайды.

4-БЕТ | ЕЛОРДА ТЫНЫСЫ

ӨЗ ҚАЛАНДЫ КӨРКЕЙТУГЕ ҮЛЕС ҚОС!

Елорданың бес ауданының әкімдіктерінде «Халық қатысатын бюджет» жобасының үшінші кезеңі – үздік ұсыныстарға онлайн-дауыс беру жалғасуда, деп хабарлады Астана әкімдігінің ресми сайты.

Онлайн-дауыс беру бес аудандық әкімдікте 24 сәуірге дейін өткізіледі. Дауыс беру кезеңіне өткен идеялардың қатарында негізінен аулаларды абаттандыру, аулашілік алаңдарды жаңарту, балалар ойын алаңдары, футбол алаңдары, ересек тұрғындарға арналған спорттық және жаттығу ғимараттарын салу бар.



Оңалхан ӨНЕРХАН

6-7

ҚУАТТЫ КӘСІПОРЫН — ДАМУ ДРАЙВЕРІ

Астана қаласының арнайы экономикалық аймағында көптеген кәсіпорын жұмыс істейді. Бұл аймақ елорданың негізгі инвестициялық орталығына да айналып отыр. Инвестиция тарту бойынша №1 Индустриалдық парк айрықша рөл атқарады. Мұнда жалпы инвестиция сомасы 322 миллиард теңге болатын 100 жоба жүзеге асырылып жатыр. Парк өндіріс ауқымы жағынан республикада бірінші орын алады. Халық шаруашылығына қажетті сан алуан тауар өндіретін өндіріс нысандарында мыңдаған адам жұмыспен қамтылып отыр.

Астанада ұлт ғылымының көшбасшысы, Ұлттық ғылым академиясының негізін қалаушы Қаныш Сәтбаевтың 125 жылдығына арналған іс-шаралар өтті. Ғылым күніне орайлас өткен іс-шаралар елорда төріндегі Қаныш Сәтбаев ескерткішіне гүл шоқтарын қою рәсімімен басталды.

3



ҚАЗАҚ
ҒЫЛЫМЫНЫҢ
АТАСЫ

ҚАҢЫШ
СӘТБАЕВ

13 СӘУІР —
11 МАМЫР
ЭКОАЙЛЫҚ

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН.
АСТАНА-ТАЗАЛЫҚ ПЕН
ТӘРТІПТІҢ ҮЛГІСІ»

270 мыңнан астам жасыл желек отырғызу жоспарлануда



ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 484.87 \$ USD/KZT 446.16 ₸ RUB/KZT 4.81 ¥ CNY/KZT 61.68

t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz



ҒАЛЫМДАРДЫҢ ТАПШЫЛЫҒЫ СЕЗІЛІП ОТЫР

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Ғылым және технологиялар жөніндегі ұлттық кеңестің отырысы өтті. Президент, ең алдымен, жиынға қатысушыларды Ғылым күнімен шын жүректен құттықтап, бұл мереке ғұлама ғалым, заңғар тұлға Қаныш Сәтбаевтың туған күнімен тұспа-тұс келіп отырғанын атап өтті.

«Дәл бүгін академик Қаныш Сәтбаевтың туғанына 125 жыл толды. Біз ұлы Абайды қазақ руханиятының темірқазығы, Ахмет Байтұрсынұлын Ұлт ұстазы дейміз. Ал Қаныш Сәтбаевты қазіргі қазақ ғылымының атасы деуге болады. Өздеріңіз білесіздер, Қаныш Имантайұлы Сәтбаев – халқымыздың біртуар перзенті. Еліміз әлі күнге дейін оның ғылыми жаңалықтарының игілігін көріп отыр. Әйгілі ғалымның мерейтойын жоғары деңгейде атап өту маңызды» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент еліміздегі су тасқынына байланысты қалыптасқан қазіргі ахуалға тоқталып, осындай кезде білікті мамандар мен ғалымдардың тапшылығы айқын сезіліп отырғанына назар аударды. Сондай-ақ Қазақстанда ғылымға жете мән берілмегендіктен, еліміздің бұрынғы ғылыми әлеуеті мен инфрақұрылымын жоғалтып алғанымызды, осының салдары енді көрініп жатқанын айтты.

Мемлекет басшысы отандық ғылымды дамытуға қатысты бірқатар өзекті мәселе көтеріп, алдағы уақытта атқарылуға тиіс міндеттерді айқындап берді. Қасым-Жомарт Тоқаев ең әуелі ғылымның әлеуетін техногендік және табиғи апаттарды болжау, климаттың өзгеруіне қарсы күресу үшін барынша пайдалану маңызды деп санайды. «Ашығын айтсақ, төтенше жағдайдың алдын алу ісінде айтарлықтай олқылықтар бар. Бұл – жылдар бойы шешімін таппаған мәселелер. Ең алдымен – білікті мамандардың тапшылығы. Тиісті ғылыми қорытынды сапалы жасалмайды. Сондықтан, жұмыс тәсілін түбегейлі өзгерту керек. Тараздағы гидромелиоративтік-құрылыс институтын қайта қалпына келтіру жөнінде шешім қабылдадық. Оқу орнын материалдық-техникалық тұрғыдан толық жабдықтау керек. Сейсмология институтының жағдайы да мез емес. Үкіметке осы институттың ғылыми әлеуетін арттыруға қатысты нақты ұсыныстар дайындауды тапсырдым. Сондай-ақ сейсмологияны және сейсмикалық режимді бақылау құралдарын дамыту бойынша пайдалы ұсыныстар әзірленуге тиіс. Менің тапсырмаммен Алматы аумағына арнайы сейсмологиялық зерттеу жүргізіледі» деді Мемлекет басшысы.

Бұдан бөлек, Президент энергетикалық апатты, эпидемияны, қуаңшылықты болжау және оның алдын алу мәселесінің маңыздылығын атап өтіп, жауапты министрліктерге тиісті саланы, ал әкімдіктерге аймақтарды дамыту бағдарламаларын қайта қарау міндетін жүктеді.

Қасым-Жомарт Тоқаев жасанды интеллекті қолдану әлеуетіне ерекше тоқталды. Қазір Үкімет Жасанды интеллектіні дамыту стратегиясын және Цифрлық кодексті әзірлеп жатыр. Сонымен қатар Президент университеттердегі кадр тапшылығы, ғылыми жұмыстардың сапасыздығы, өндіріс орындарымен тұрақты байланыстың жолға қойылмағаны және басқа да түйткілдерді тізіп, Үкіметке жағдайды түзеу үшін арнайы бағдарлама әзірлеуді тапсырды.

Мемлекет басшысының пікірінше, тағы бір маңызды мәселе – еліміздегі жоғары оқу орындары арасында өңірлік теңсіздік. Мықты университеттердің көбі Астана мен Алматыда орналасқан. Бұл ішкі көші-қон жүйесінің бұзылуына және өңірлердегі кадр тапшылығына әкеп соқтырады. Осыған байланысты Қасым-Жомарт Тоқаев ғылым мен жоғары білімнің біртұтас дамуын қамтамасыз ету үшін бұған дейін 15 өңірлік және 5 педагогикалық жоғары оқу орнының базасында Академиялық басымдық орталықтарын құруды тапсырғанын еске салды. Бұл ретте Үкімет жоғары оқу орындарының зерттеушілік бағытын дамыту үшін пәрменді механизмдер әзірлеуі қажет.

Президент ғылымның кадрлық әлеуетін күшейту туралы сөз қозғай отырып, жас ғалымдарды жан-жақты қолдаудың маңыздылығына ерекше тоқталды. «Грант арқылы жүзеге асырылатын жобалардың үштен бірі жас ғалымдарға тиесілі. Әрине, мұндай жобалардың санынан гөрі, сапасы маңызды. Жыл сайын жас ғалымдарға байқаулар арқылы берілетін гранттың арқылы көлемін арттыру керек. Қазір жас ғалымдарымыз әлемдегі жетекші зерттеу орталықтарында стажировкадан өте алады. Бұл – жақсы үрдіс. Оны жалғастыра беру қажет. Менің тапсырмаммен жүзеге асырылып жатқан «Жас ғалым» бағдарламасының тиімді екенін көріп отырмыз. Оның

ауқымын кеңейту керек» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар Президент магистратура және докторантура бағдарламасына арналған гранттың құнын арттыру, ірі өндірістік компаниялармен бірге «индустриалды PhD» даярлау механизмін әзірлеп, қолданысқа енгізу, еліміздің жетекші жоғары оқу орындары мен шетелдік университеттердің филиалдарын экономикамыздың басым салалары үшін ғалымдар мен білікті мамандарды жедел даярлауға ісіне жұмылдыру, инженерлік-техникалық кадрларды даярлаудың ұлттық моделін әзірлеу, өңірлік жоғары оқу орындарының базасында озық инженерлік мектептер ашу, әр өңірдің белгілі бір салаға мамандануын көрсететін Өңірлік экономика атласын дайындау жөнінде тапсырма берді.

Мемлекет басшысы сөзінің соңында қазір Парламентте «Ғылым және технологиялық саясат туралы» заң жобасы талқыланып жатқанын атап өтіп, бұл құжат ғылымның дамуына зор серпін беретініне сенім білдірді. «Кезінде халқымыздың көрнекті тұлғалары мен қайраткерлерінің де ағартушылықпен айналысқаны тегін емес. Қазір жас ғалымдардың заманы туды. Сіздер ұсынған, ойлап тапқан жобалардың игілігін бүкіл еліміз көруі керек. Бір сөзбен, Сіздер сияқты ғалымдар Отанымыздың ғылыми-техникалық даму көшін бастауы керек. Себебі ғылым мықты болса, мемлекет те қуатты болады» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар жиында Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, «География және су қауіпсіздігі институты» АҚ басқарма төрағасы, академик Ахметқал Медеу, Назарбаев университеті жанындағы «National Laboratory Astana» ғылыми мекемесінің бас директоры, профессор Дос Сарбасов, «Young Researchers Alliance» қоғамдық бірлестігі төрағасының орынбасары, PhD докторы Бейбіт Әбдікенов, Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті қолданбалы механика және инженерлік графика кафедрасының меңгерушісі Айдархан Қалтаев және тағы да басқа ғалымдар сөз сөйлеп, өздерінің ұсыныс-пікірлерін ортаға салды.

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ АРТАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Грузия Парламентінің төрағасы Шалва Папуашвилиді қабылдады. Президент мейманға ілтипат білдіре отырып, Қазақстан Оңтүстік Кавказ өңіріндегі негізгі серіктестерінің бірі – Грузиямен жан-жақты қарым-қатынасты нығайтуға айрықша мән беретінін атап өтті. Мемлекет басшысы Қазақстан мен Грузия арасындағы достық пен өзара түсіністік екіжақты байланыстарды тереңдету ісінде елеулі табысқа қол жеткізу үшін берік негіз болатынын айтты.



Қасым-Жомарт Тоқаев парламентаралық диалогтың мемлекетаралық қатынастарды нығайтуда маңызды рөл атқаратынына тоқталды. Бұл ретте «Қазақстан – Грузия» парламентаралық достық тобы ынтымақтастықтың көкжиегін кеңейтуге айтарлықтай ықпал ете алатынын атап өтті.

Мемлекет басшысының айтуынша, бүгінде қазақстандық бизнес Грузия экономикасының түрлі секторында қызмет етеді және екі елдің сауда-экономикалық қатынастарын одан әрі кеңейтуге үлес қосып келеді.

Кездесуде екі ел арасындағы мәдени-гуманитарлық байланыстарды нығайтуға баса назар аударылды. Қасым-Жомарт Тоқаев орайлы сәтті пайдалана отырып, футболдан ұлттық құрамасы Еуропа чемпионатының ақтық кезеңіне шыққан достас Грузия халқын құттықтап, сәттілік тіледі.

Өз кезегінде Шалва Папуашвили құрмет көрсеткені үшін Мемлекет басшысы мен Қазақстан халқына алғыс айтты. Сондай-ақ бұл Грузия Парламенті төрағасының Қазақстан Республикасына алғашқы ресми сапары екенін,

сондықтан оның сапары айтулы оқиға саналатынын атап өтті.

Шалва Папуашвили Грузияның Қазақстанмен арадағы қарым-қатынасты одан әрі нығайтуға бейілді екенін растады. Оның айтуынша, Тбилиси Астанамен жан-жақты байланыстарды, соның ішінде көлік-логистика саласындағы ықпалдастықты тереңдетуге ниетті. Бұл ретте Грузия Парламентінің спикері Мемлекет басшысының Транскаспий халықаралық көлік бағытын бірлесіп дамыту туралы бастамасын қолдады.

ЖАЗАНЫ КҮШЕЙТЕТІН ЗАҢДЫ МАҚҰЛДАДЫ

Сенат Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен Палата отырысы өтті. Онда сенаторлар «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» және «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңдарды екі оқылымда қарап, мақұлдады.

Заңдардың басты мақсаты – балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша мемлекеттік саясаттың құқықтық, экономикалық, әлеуметтік және ұйымдастырушылық негіздерін жетілдіру, әйелдер мен балаларға қатысты қылмыстардың алдын алу және жолын кесу.

«Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге үнемі баса мән беріп келеді. Мемлекет басшысының тапсырмасы аясында арнайы заңдар әзірленді. Осылайша, әйелдер мен балалардың заңды мүдделерін қамтамасыз ету және елімізде отбасы институтын нығайту үшін қосымша құқықтық тетіктер енгізіліп отыр. Сондай-ақ отбасылық зорлық-зомбылық үшін жауапкершілік күшейтілді» деді Мәулен Әшімбаев.

Сенат Төрағасы осы заңдар аясында өмірде қиын жағдайға тап болған отбасыларды қолдауға арналған ережелер де қарастырылғанын атап өтті. Заң нормалары арқылы тиісті уәкілетті органдардың өкілеттіктері айқындалады.

Отбасын қолдау орталықтары және «111» байланыс орталығы сияқты ұйымдардың құзыреттері де заңнамалық деңгейде белгіленеді.

«Мақұлданған заңдарға сәйкес енді денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіргені және ұрып-соққаны үшін қылмыстық жауапкершілік қарастырылады. Өз кезегінде сот қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамның тәртібіне қатысты ерекше талаптар белгілей алады. Сондай-ақ буллинг, кибербуллинг балаларды қоғамдық көліктен мәжбүрлеп түсіріп кету әрекеттері үшін әкімшілік жауапкершілік көзделіп отыр. Алдағы уақытта бұл заңдар әйелдер мен балалардың конституциялық құқықтары мен мүдделерін қорғауға тың серпін береді деп сенеміз» деді Палата Спикері.

Заң жобасында мынадай өзгерістер қарастырылған: кәмететке толмағандарға зорлық-зомбылық жасағанға тап болған отбасыларды қолдауға арналған ережелер де қарастырылғанын атап өтті. Заң нормалары арқылы тиісті уәкілетті органдардың өкілеттіктері айқындалады.

Отбасын қолдау орталықтары және «111» байланыс орталығы сияқты ұйымдардың құзыреттері де заңнамалық деңгейде белгіленеді.

«Мақұлданған заңдарға сәйкес енді денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіргені және ұрып-соққаны үшін қылмыстық жауапкершілік қарастырылады. Өз кезегінде сот қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамның тәртібіне қатысты ерекше талаптар белгілей алады. Сондай-ақ буллинг, кибербуллинг балаларды қоғамдық көліктен мәжбүрлеп түсіріп кету әрекеттері үшін әкімшілік жауапкершілік көзделіп отыр. Алдағы уақытта бұл заңдар әйелдер мен балалардың конституциялық құқықтары мен мүдделерін қорғауға тың серпін береді деп сенеміз» деді Палата Спикері.

Заң жобасында мынадай өзгерістер қарастырылған: кәмететке толмағандарға зорлық-зомбылық жасағанға тап болған отбасыларды қолдауға арналған ережелер де қарастырылғанын атап өтті. Заң нормалары арқылы тиісті уәкілетті органдардың өкілеттіктері айқындалады.

Отбасын қолдау орталықтары және «111» байланыс орталығы сияқты ұйымдардың құзыреттері де заңнамалық деңгейде белгіленеді.

«Мақұлданған заңдарға сәйкес енді денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіргені және ұрып-соққаны үшін қылмыстық жауапкершілік қарастырылады. Өз кезегінде сот қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамның тәртібіне қатысты ерекше талаптар белгілей алады. Сондай-ақ буллинг, кибербуллинг балаларды қоғамдық көліктен мәжбүрлеп түсіріп кету әрекеттері үшін әкімшілік жауапкершілік көзделіп отыр. Алдағы уақытта бұл заңдар әйелдер мен балалардың конституциялық құқықтары мен мүдделерін қорғауға тың серпін береді деп сенеміз» деді Палата Спикері.

Заң жобасында мынадай өзгерістер қарастырылған: кәмететке толмағандарға зорлық-зомбылық жасағанға тап болған отбасыларды қолдауға арналған ережелер де қарастырылғанын атап өтті. Заң нормалары арқылы тиісті уәкілетті органдардың өкілеттіктері айқындалады.

СУ ТАСҚЫНЫНЫҢ ЕКІНШІ ТОЛҚЫНЫНА ДАЙЫНБЫЗ БА?

Премьер-министр Олжас Бектенов су тасқынына қарсы іс-шараларды үйлестіру және су тасқыны салдарын жою жөніндегі республикалық штабтың жұмыс кеңесін өткізді. Басты мәселе – су тасқынының екінші толқыны қарсаңында батыс өңірлердегі жағдай. Вице-премьер, Штаб жетекшісінің орынбасары Қанат Бозымбаев Ресей Федерациясынан Жайық өзені арқылы көлемді судың күтіліп отырғаны туралы баяндады.

Батыс Қазақстан облысында жаңбыр жауады. Сақмар өзенінің деңгейі көтеріле бастады. Болжам бойынша, Жайық және Сақмар өзендерінің жоғарғы жағынан сәуір айының екінші онкүндігінде Батыс Қазақстан облысының аумағына су келеді. Қазіргі уақытта Орал қаласындағы Жайық өзеніндегі су деңгейі – 728 см, ол 850 см қауіпті межеге жақындайды деп болжанып отыр.

Батыс Қазақстан облысынан судың келуіне байланысты Атырау облысында өткен тәулікте Жайық өзеніндегі гидробекеттерде де су

деңгейінің шамалы көтерілуі байқалады. Сәуірдің үшінші онкүндігінде үлкен судың келуі күтіледі.

Үкімет басшысы Олжас Бектеновтің тапсырмасы бойынша оның Батыс Қазақстан және Атырау облыстарына жұмыс сапарларының қорытындысына сәйкес әкімдіктердің, ТЖМ, ПМ және Ұлттық ұланның, Қорғаныс министрлігінің күштері мен құралдары жұмылдырылды. Батыс Қазақстан облысында авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу үшін күштік құрылымдар 6 мың адамға, Атырау облысында 4 мың адамға дейін



жеткізіледі. Еліміздің әр өңірінен 4 мыңға жуық техника жіберілді.

Премьер-министр қорғаныс және ішкі істер министрлеріне қажет болған жағдайда қосымша жеке құрам мен техника жіберуді тапсырды. «Орал мен Атырау бойынша күштер мен құралдарды барынша жұмылдыру қажет. Қазір үлкен суды елді мекендерге жеткізбей, бұрып өкту маңызды. Бүгін қосымша әскери қызметшілер мен техника жіберіле бастады. Су ағысының қарқынын ескере отырып, бірінші кезекте Оралды, одан әрі Атырауды күшейтеміз» деді

Олжас Бектенов. Үкімет басшысы екі облыс әкімдіктеріне келген әскери қызметшілерді барлық қажетті заттармен қамтамасыз ету, сондай-ақ техникаға жанармай құю мәселесін шешу жөнінде тапсырма берді.

Бүгінгі таңда сегіз облыста жергілікті ауқымдағы төтенше жағдай режимі жалғасуда. Су басқан аймақтардан барлығы 97 мың тұрғын эвакуацияланды. 11 сәуірдегі жағдай бойынша Павлодар және Абай облыстарында су тасқыны жағдайының тұрақтануына байланысты ТЖ режимдері алынып тасталды.

Астанада қыркүйек айында Дүниежүзілік көшпенділер ойындары өтеді деп жоспарланған. Жарысқа 100-ден астам елден 4 мыңға жуық спортшы қатысады. Спорттық жарыстар мен мәдени шараларға 100 мыңнан астам турист келеді деп күтілуде. Осындай ірі спорттық іс-шараларды өткізу кезінде қауіпсіздікті тиімді қамтамасыз ету осы саладағы бұрыннан жаңартылған шетелдік және отандық тәжірибені ескере отырып, сондай-ақ оның барысында ықтимал қауіптердің алдын алуға бағытталған ұйымдық-құқықтық қауіпсіздік шараларының кешенін әзірлеу маңызды.

ҚАУІПСІЗДІККЕ НЕМҚҰРАЙДЫ ҚАРАМАЙЫҚ!

Бүгінгі қоғам үшін табиғи апаттармен қатар, Ресей Федерациясында Grosus City Hall сауда орталығында болған қайғылы оқиғадан кейін адам көп жиналатын орындардағы қауіпсіздік мәселесі өзекті болды. Қазақстанда 7,9 млн шаршы метр сауда алаңы немесе 70 мыңға жуық сауда нысандары бар. Оның жартысы – Алматыда, төрттен бірі – Астанада, қалғаны облыс қалаларында орналасқан. Сарапшылардың пайымдауына, ойын-сауық аумақтардың бестен бір бөлігі ғана сапа және қауіпсіздік критерийлеріне сәйкес келеді. Еліміздегі сауда нысандарының сапа деңгейі дамыған елдердің көпшілігінен төмен.

Сауда ойын-сауық орталықтарында жүздеген түрлі сауда орындарымен қатар, дәмхана, мейрамханалар, кинотеатрлар, батут және ойын алаңдары бар. Мұндай орындар адамдардың сауда жасап, негізгі бос уақытын өткізетін орынға айнағаны анық. Мәселен, ең ірі сауда үйлерінің бірі «Хан шатырға» жұмыс күндері келушілер саны 40-50 мың адамды құраса, демалыс және мерекелік күндері 120 мың адамға дейін жетеді. Яғни қауіпсіздік мәселесі маңызды. Қауіпсіздік стандарттарына сәйкес, мұндай орталықтардағы балалар ойын бөлмелері мен кинотеатрлар екінші қабаттан жоғары болмауы және апаттық шығудан 20 метрден алыс болмауы керек. Бірақ, өкінішке қарай, көптеген сауда орталықтарында балалар ойын алаңдары жоғарғы қабаттарда орналасқан, ал эвакуациялық жолдары қарастырылмаған.

Сондай-ақ эвакуациялық сатыларда мүгедектердің жүріп-тұруына арналған пандустар жоқ. Тағы бір айта кетерлігі, сауда орталығында бір қабатта мыңнан астам адам бір мезетте бас қосатын ондаған қоғамдық тамақтандыру орындары бар. Мұнда қуатты аспаздық құрал-жабдықтарды пайдаланғандықтан, өрт шығу қаупі жоғары.

Құқықтық статистикаға сәйкес, 2023 жылы өрт қауіпсіздігі талаптарын бұзғаны немесе сақтамағаны үшін 13 978 әкімшілік құқық бұзушылық оқиға тіркелген. Өрт қауіпсіздігін өрескел бұзу фактілері мен құлыпталған апаттық шығу жолдары, жарамдылық мерзімі өткен өрт сөндіргіштердің болуы немесе олардың болмауы, дабыл және өрт сөндіру жүйелерінің бұзылуы сияқты фактілер анықталған. Сарапшылардың пікірінше, ғимараттардың қызметкерлерін төтенше жағдай бойынша оқытуға барынша назар аудару маңызды. Мысалы, Нью-Йорктегі Дүниежүзілік сауда орталығының зәулім ғимараттары 2001 жылы 11 арнайы қызметкерлерді тұрақты даярлаудың арқасында Morgan Stanley банк холдингінің 2700 қызметкерін эвакуациялауға көмектесті. Бұл компанияның 7 адамы эвакуация туралы хабарламаны елемегендіктен қайтыс болды. Сондай-ақ соңғы кездері әлемдік қауымдастық елдері лаңкестік қауіптерге тап болып отырғаны айта кеткен жөн. Сондықтан қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздік – ірі халықаралық спорттық шараларды сәтті өткізудің басты шарттарының бірі.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты, сауда орталықтарының кіреберістері мен адам көп жиналатын жерлердегі қауіпсіздікті күшейтуге (күзетшілер санын көбейту, оларды арнайы құрал-жабдықтармен алыс болмауы керек), қызметкерлерді жүйелі оқыту, сондай-ақ эвакуациялау және оқу-жаттығу жұмыстарын жүргізуге назар аударуыңызды сұраймын. Эвакуацияны қамтамасыз ету жүйелерін қосымша сынақтан өткізу (жарық дисплейлері, есіктердің құлпын ашу және эскалаторларды тоқтату), дауыстық хабарламаларды тексеру, сондай-ақ жазғы демалыс алдында мектеп және жоғары оқу орындарында қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша арнайы оқу сабақтарын өткізуді қарастыруды ұсынамын.

Құқықтық статистикаға сәйкес, 2023 жылы өрт қауіпсіздігі талап-

Бибигүл ЖЕКСЕНБАЙ,
Сенат депутаты

ҚАЗАҚ ҒЫЛЫМЫНЫҢ АТАСЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Индира
БЕРЖАНОВА

Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, Өнеркәсіп және құрылыс министрі Қанат Шарлапаев, ҚР Ғылым академиясының президенті Ақылбек Күрішбаев, Халықаралық Сәтбаев қоры қамқоршылар кеңесінің төрағасы, Парламент Сенатының депутаты Алтынбек Нұхұлы, Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен, және белгілі ғалымдар, мемлекет және қоғам қайраткерлері, сондай-ақ қала тұрғындары қатысуымен Ғылым академиясының тұңғыш президентіне жасалған барельеф ашылды.

Одан кейін Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде ұлт ғылымының көшбасшысы, Ұлттық ғылым академиясының негізін қалаушы, даңқты геолог, қоғам және мемлекет қайраткері Қаныш Сәтбаевтың 125 жылдығына арналған «Қаныш Сәтбаев – ұлт мақтанышы» атты ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Ғылым күніне арналас өткізілген конференция Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтауымен ашылды. Президенттің ғылым және инновациялар мәселелері жөніндегі кеңесшісі Күнсулу Закарья Мемлекет басшысының құттықтау сөзін оқыды. Жиынға Парламент депутаттары, еліміздің жетекші жоғары оқу орындарының белгілі ғалымдары, қоғам және мемлекет қайраткерлері, қаламгерлер,



ұстаздар қауымы мен студенттер қатысты.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің құттықтауында ғұлама ғалымның ғибратты ғұмыры туған елге деген сүйіспеншіліктің үлгі-өнегесі екенін атап өтті.

«Құрметті конференцияға қатысушылар! Баршаңызды ұлт мақтанышына айналған ғұлама ғалым, академик Қаныш Сәтбаевтың туғанына 125 жыл толуына арналған халықаралық конференцияның ашылуымен құттықтаймын! Қаныш Имантайұлы Қазақстанды өркендетуге орасан зор еңбек сіңірді. Ол көптеген кең орындарын ашып, өнеркәсіп саласының дамуына өлшеусіз үлес қосты. Ұлттық ғылым академиясының негізін қалап, ғалымдардың

тұтас болуын қалыптастырды. Төл тарихымыз бен мәдениетімізді зерделеп, руханиятымыздың өрісін кеңейтті. Қаныш Сәтбаев – қазақ тарихында айрықша орны бар, тұғырлы тұлға. Әйгілі ғалымның туған күні еліміздің мерекелік даталар тізіміне ғылым қызметкерлері күні ретінде белгіленуі – соның айқын дәлелі. Қазақтың біртуар перзенті «халқым менен де биік» деген ұстаныммен өмір сүрді. Оның ғибратты ғұмыры, туған елге деген шексіз сүйіспеншілігі, ұлт мүддесіне адалдығы – жастарға әрдайым үлгі-өнеге. Академиктің мол мұрасын жан-жақты дәріптеп, есімін ұлықтау – ұрпақ парызы» делінген Мемлекет басшысының құттықтау сөзінде.

Конференция барысында бір

топ академиктер мен ғалымдар өз баяндамаларын оқыды. Солардың қатарында Ұлттық ғылым академиясының президенті Алтынбек Күрішбаев өз сөзінде ғалымның ғибратты мұрасы қамтылған 800-ге жуық мақала мен оның редакциясымен Ұлттық ғылым академиясында жарық көрген 30 ғылыми еңбектің маңыздылығына тоқталды.

Айтулы іс-шараның аясында Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің бас ғимаратында ғалымның барельефі орнатылды. Жоба авторы – Суретшілер одағының мүшесі Талғат Анарбеков. Сондай-ақ академикті еске алу мақсатында оның жеке заттары, эксклюзивті портреттері елордаға әкелініп, арнайы көрмеде ұсынылды.



№44 (4632) 13/04/2024 Сенбі

ҮЛЕСКЕРЛЕР МӘСЕЛЕСІ ШЕШІЛДІ

Астанада 2014-2015 жылдары тұрғын үй салатын «ШейхКазИнвест» ЖШС-іне үлескер ретінде қаржы құйған «Хазрет Астана» тұрғын үй кооперативінің мүшелері алданып қалған болатын. 9 жылдан бері үй де, ақша да жоқ жүрген осы үлескерлер биыл қала әкімдігінің қолдауымен мемлекеттік тұрғын үйлерден пәтерге ие болды. Оларға «Елорда құрылыс» компаниясының тапсырысымен салынған үйден баспана берілді.



Райхан
РАХМЕТОВА

«ШейхКазИнвест» ЖШС Есіл ауданындағы E127 және 535 көшелерде «Хазрет» тұрғын үй кешенін салып, уәде еткен үйдің құрылысын 2015 жылы үшінші тоқсанда аяқтауы тиіс еді. Алайда компания құрылысқа рұқсат құжаттарының жоқтығынан үй салуды бастамаған. Сарыарқа аудандық №2 сотының 2016 жылғы 11 мамырдағы үкімімен құрылыс салушы, нақты

айтқанда, «ШейхКазИнвест» ЖШС басшылары О.Шнайдер, Ч.Саидов және Р.Багаев ҚР Қылмыстық кодексінің 190-бабы 4-бөліміне сәйкес бірнеше жылдарға бас бостандығынан айырылды. Жәбірленуші үлескерлер арасынан 61 адамнан тұратын «Хазрет Астана» тұрғын үй құрылыс кооперативі құрылды. Оларға 2018 жылы бірнеше рет «Нұрлы жер» мемлекеттік тұрғын үй құрылысы бағдарламасына қатысуға ұсыныс берілген. Алайда олар бұдан бас тартып, өз беттерін-

ше әрекет жасап көрген. Дегенмен одан ештеңе шықпай, 2021 жылы кооператив мүшелері ақыры осы ұсынысты қабылдап, қала әкімдігіне өтініш етті. Сол жылы 30 маусымда тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу жөніндегі ведомстваралық комиссия хаттамасына сәйкес үлескерлер мәселесін шешу үшін аталған кооператив мүшелерін «Арыстан» ТК-не үшінші кезекпен орналастыру туралы ұсыныс айтылды. Сөйтіп желтоқсан айында уәкілетті ұйым мен аталған кооператив арасында ұсынылған тұрғын үй кешенінің 4-блогына көшу туралы келісімге қол қойылды. «Арыстан» ТК үшінші кезегінің құрылысын №114 бірлескен қызмет келісімшарты аясында «Integra Construction KZ» ЖШС аяқтады.

2019 жылы елордада шамамен 150 проблемалы үй болды. Ал 2023 жылдың басында олардың саны 32 үйге азайды. Мемлекет басшысының Астана қаласын дамыту жөніндегі мәселелерге арналған отырыста берген тапсырмасымен 22 проблемалық үй бойынша баспана мәселесі шешіліп, 3,6 мың үлескер үйлі болды. Тағы 9 нысан бойынша алдағы айларда баспана кілтін беру жоспарланған. Демек проблемалық барлық нысандар 2024 жылдың бірінші жартыжылдығының соңына дейін салынып, пайдалануға беріледі. Бұл бағыттағы жұмыстар жалғасуда және әкімдіктің ерекше бақылауында.

ЖҮРЕКТЕН ЖҮРЕККЕ ЖЕТЕДІ



Айгүл УАЙС

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бүгінгі таңда еліміздің барлық өңірлерінде ҚХА Достық үйлерінің негізінде гуманитарлық көмек жинау пункттері жұмыс істейді, онда бей-жай қарамайтын әрбір азамат көмекке өз үлесін қоса алады.

Қазақстан халқы Ассамблеясы

төрағасының орынбасары – ҚХА республикалық штабының басшысы, акцияны ұйымдастырушы Ақбаржон Исмаилов «Жүректен жүрекке» қайырымдылық жобасы аясында барлық этно-мәдени орталықтар шет қалған жоқ. Өзім өңірлерді аралап жүрмін, алдыңғы күні Атырау облысында болдым. Барлық жерлерге көмек жетіп жатыр. Бүгін тағы да

тәжіктердің этно-мәдени орталығы Астана қаласынан жеті жүк көлігін Солтүстік Қазақстанға жөнелтті. Бұл қайырымдылық акциясы аясындағы жалғыз іс-шара емес. Тәжік этно-мәдени орталықтарының бас көтерер азаматтарының қолдауымен апат аймақтарында күніне мың адамды ыстық тамақпен қамтамасыз етіп отыр» деді.



ӨЗ ҚАЛАҢДЫ КӨРКЕЙТУГЕ ҮЛЕС ҚОС!

Әзірге Есіл ауданына түскен 30 өтінімнің ішінен қоғам қайраткерлерінен, белсенді тұрғындардан және ардагерлерден тұратын сараптамалық кеңес дауыс беруге 11 жобаға рұқсат берді. Қалғандары талаптарға сәйкес келмеді.

Сарыарқа ауданы бойынша азаматтар 72 өтінім берді. Ең жақсы 63 ұсыныс дауыс беру кезеңіне өтті. Аудан бойынша дауыс беруге арналған жобалар 3 санатқа бөлінген: 40-қа дейін, 100-ге дейін және 100-ден астам пәтер.

Нұра ауданы бойынша сарапшылар 21 өтінімді қарады. Олардың ішінде ойын алаңдарын жаңарту ғана емес, сонымен қатар қосымша жарықтандыру тіректерін орнату, аумақты көгалдандыру және орамшілік жолдарды ұйымдастыру. Дауыс беруге 11 ұсыныс жіберілді.

Дауыс беру 5 сәуірден бастап Алматы және Байқоңыр аудандарында да басталды. Алматы ауданы бойынша 171 өтінім келіп түсті, оның 160-ы

дауыс беруге жіберілді. Байқоңыр ауданында 25 жобалық ұсыныс болды, енді тұрғындар рұқсат етілген 22-нің ең жақсысына дауыс беруі керек.

Жобаларға дауыс беретін аудандарда уақытша немесе тұрақты тіркеуі бар кемелетке толған тұрғындар дауыс бере алады.

Осы жылдан бастап азаматтардың өз аумақтарын басқаруға және дамытуға қатысу процесін жетілдіру шеңберінде EGOV mobile мобильдік қосымшасы арқылы дауыс беру енгізілді, ол үшін ЭЦҚ немесе басқа да тәсілдер арқылы авторизациядан өту қажет. Дауыс беруді аудан әкімдіктерінің сайттарында да өткізеді. Сайтта тіркеліп, ЭЦҚ, digital ID, QR-code, логин/пароль арқылы өтуге болады.

АСТАНАДА ЖОЛАҚЫ ҚЫМБАТТАЙДЫ

Астана қалалық Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту департаментінің басшысы Асхат Қарағойшин қоғамдық көлікте жол жүру құнын арттыру жоспары туралы айтып берді.

«Соңғы 10 жылда тасымалдаушылардың шығындары айтарлықтай өсті. Мысалы, бұрын дизель отыны 107 теңге болса, қазір 295 теңге тұрады. Яғни, бағасы 275 пайызға өсті. Автобус құны мен жүргізушілердің жалақысын қоса алғанда, басқа шығындар бойынша осыған ұқсас жағдай қалыптасты. Қазір Астанада жол жүру құны қолма-қол ақшасыз – 90 теңге, қолма-қол төлеу кезінде – 180 теңге. Мысалы, Алматыда қоғамдық көлікте жол жүру құны қолма-қол ақшасыз – 100 теңге, қолма-қол төлеу кезінде – 200 теңге. Ақмола облысында қоғамдық көлікте жол жүру тарифі қолма-қол ақшасыз тәсілмен – 100 теңге, қолма-қол ақшамен – 180 теңге. Қостанай облысында жол

жүру құны – 100 теңге, қолма-қол ақшамен төлеу кезінде – 170 теңге» деп мысал келтірді ол қалалық қоғамдық кеңес отырысында.

Асхат Қарағойшиннің айтуынша, қазіргі тариф сақталған жағдайда субсидиялар мөлшері жылдан жылға артып келеді. «Өткен жылы субсидия 34 млрд теңгені құраса, қазір 38 млрд теңгеге дейін өсті. Осыған байланысты 2024 жылы біз қоғамдық көлікте жол жүру құнын қолма-қол ақшасыз есеп айырысу кезінде 110 теңгеге дейін және қолма-қол 220 теңгеге дейін арттыруды ұсынамыз. Бұл ретте субсидия сомасы 2024 жылы 3 млрд теңгеге төмендейді» деп сөзін түйіндеді құзырлы мекеме өкілі.

ҒЫЛЫМ – ҒАЖАЙЫП ӘЛЕМ



Астанадағы әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайында осындай атаумен Ғылым күніне арналған интерактивті жетістіктер көрмесі өтті. Биылғы көрме көрнекті ғалым, Қазақ КСР Ғылым Академиясының тұңғыш Президенті Қаныш Сәтбаевтың 125 жылдығына арналды.

Интерактивті көрмені елордалық STEM академиясының, Robototek мектебінің, DronEd, «Sana» жаңа буын орталығының, Қаныш Сәтбаев атындағы №61 мектеп-лицейдің кәсіптік бағдар беру орталығының қатысуымен, Білім басқармасының қолдауымен «Астана дарыны» дарынды балалар мен дарынды жастарды анықтау және қолдау орталығы өткізді. Орталықтың басшысы Жанар Бейсенбаеваның айтуынша, көрменің басты мақсаты – жастар арасында ғылымды насихаттау.

«Біз бұл көрмені жыл сайын өткіземіз, оның қатысушылары мен қонақтары – мектеп оқушылары. Биыл ол академик Қаныш Сәтбаевтың 125 жылдығы аясында өткізілуде. Мұнда ұлы ғалымға арналған жылжымалы мұражай ашылып, онда Қаныш Имантайұлы ашқан кен орындарынан металдар мен минералдар – экспонаттар қойылған. Сондай-ақ №61 мектеп-лицейінің оқушылары

Сәтбаевтың өмірбаяны бойынша театрландырылған қойылым көрсетті. Көрменің бағдарламасында көптеген қызықты нәрселер бар. Бұл жерде оншақты алаң жұмыс істейді. Бұл – робототехника, химия және жаңартылатын энергия көздері. Екі алаңға ерекше назар аударғым келеді. Біз

зымыран құрастыру туралы шеберлік сабағын ұйымдастырдық. Сондай-ақ кәсіптік бағдар беру бойынша алаң бар, онда арнайы нейрободоктың көмегімен сіз өзіңіздің дағдыларыңызды бес минутта анықтап, болашақ мамандығыңызды біле аласыз» дейді Жанар Бейсенбаева.



Халқымызда «Туған жерге туың тік» деген сөз бар. Бүкіл өмірі кешегі Целиноград, Ақмола, бүгінгі Астанамен тығыз байланыста өтіп келе жатқан Тұрсынбек Қазенұлы – осы Ақмола өңірінің тумасы. Әкесі Ұлы Отан соғысының ардагері өте еңбекқор жан еді. Бірақ ғұмыры келте болып, ұлы әлі орта мектепте оқығанда, өмірден өтіп кетті. Артында 8 баламен қалған анасы перзенттерін қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай өсірді. Оның арқасында балаларының бәрі жоғары білім алып, өмірден өз орнын тапты.

Бикен ана перзенттеріне жеткен жетістігімен тоқтамай, бұдан да зор биіктерге талпынуды үйретті. Ана ақылымен Тұрсынбек Целиноград ауыл шаруашылығы институтын бітіргеннен кейін ғылым жолына түсіп, В.Ленин атындағы ауыл шаруашылығы ғылымдарының бүкілодақтық академиясы (ВАСХНИЛ) Сібір бөлімшесінің аспирантурасына түсті. Кандидаттық диссертациясын қорғағаннан кейін туған қаласына, өзі оқыған институтқа қайтып оралды. Еңбекқорлық үлгісін әкесі көрсетсе, алдына қойған мақсатына жету үшін тынбай әрекеттенуге ана тәрбиесі арқылы келді. Тұрсынбек Қазенұлының айтуынша, бүгінгі жеткен биігінің негізі сол бала кезінде қаланды. Сондықтан жетістіктерін жеке өз басының жетістіктері ретінде ғана емес, ата-анасының жетістігі деп бағалайды.

Туған қаланың көркеюіне қалай үлес қосуға болады деген ой оны жиі мазалайтын. Ақыры бұған жергілікті өкілді орган депутаты болғанда қол жеткізуге болады деген тоқтамға келді. 1999 жылы мәслихаттар сайлауына түсіп, жолы болып, депутат атанды. 1999-2007 жылдары – 8 жыл бойы Астана қаласы ІІ және ІІІ шақырылымының депутаты ретінде елорданың өркендеуіне септесті.

Ғасырлар тоғысында, дәлірек айтқанда, 1999 жылы жаңа астананың Бас жоспары жобасы таныстырылды. Соған сәйкес қаланың сол жағалауын дамыту қолға алынды. Яғни елорданың негізгі құрылыс жұмыстары жаңа өкімшілік орталыққа қарай ойысты. Сол жағалауда қала көркіне сән қосқан ги-

БАС ЖОСПАРҒА САРАПТАМА ЖАСАҒАН

Еліміздегі кез келген өңірдің тыныс-тіршілігінде, мейлі қала, облыс немесе аудан орталығы болсын, мәслихаттардың алатын орны ерек. Себебі тұрғындардың тұрмысына қатысты маңызды шешімдер мен құжаттарды нақ осы жергілікті өкілді орган қабылдайды. Биыл Қазақстан мәслихаттарының құрылғанына 30 жыл толып отыр. Астана бас қала атанып, қалыптасу кезеңінде қалалық мәслихаттың ІІ шақырылымы жұмыс істеді. Қазіргі сәулеті мен дәулеті жарасқан елорданың негізі сол жылдары қаланды. Бұған сол кездегі Астана мәслихаты депутаттарының қосқан үлесі мол. Соның бірі – экономика ғылымдарының докторы Тұрсынбек Өмірзақов.

мараттар бой көтерді. Бұл қатарда 2002 жылы пайдалануға беріліп, Астананың символына айналған «Астана-Бәйтерек» монументін ерекше атап өтуге болады. Құрылыс жұмыстары қарқын алып, сол жағалауда елорданың Есіл ауданы ашылды. Сол жылдары осыған қатысты қабылданған барлық маңызды шешім мен құжат Астана қаласы ІІ және ІІІ шақырылымы депутаттары арқылы өтті.

– Жапон сәулетшісі Кисе Курокава дайындаған Астана қаласының Бас жоспары қалалық мәслихатқа қабылданған күн менің есімде жақсы сақталып қалды. Мен онда мәслихаттың сол кездегі хатшысы Владимир Редкокашиннің тапсырмасымен қаланың бас құжатына сараптама жасадым. Алдын ала Бас жоспардың егжей-тегжейлі жазылған бірі 700, екіншісі 900 беттік екі папкамен танысып шықтым. Соның ішінде маған құжаттың сәулеттік бөлімі ерекше ұнады. Мені қаланың қалай өсетіні, оның құрылыс қарқыны қызықтырды. Сол Бас жоспар бойынша елорда миллион тұрғынға 2030 жылы жетуі тиіс еді. Бірақ сол межеге 2017 жылы жеткеніміз белгілі. Менде де сол құжаттағы демо-



Туған қаланың көркеюіне қалай үлес қосуға болады деген ой оны жиі мазалайтын. Ақыры бұған жергілікті өкілді орган депутаты болғанда қол жеткізуге болады деген тоқтамға келді. 1999 жылы мәслихаттар сайлауына түсіп, жолы болып, депутат атанды. 1999-2007 жылдары – 8 жыл бойы Астана қаласы ІІ және ІІІ шақырылымының депутаты ретінде елорданың өркендеуіне септесті

графиялық көрсеткіштер бойынша күмәндар туындаған еді. Сол кездегі қалалық мәслихат депутаттары да Курокаваның Бас жоспарына түзетулер мен өзгерістер енгізу бойынша көп ұсыныс айтты, – дейді Тұрсынбек Өмірзақов.

Тұрсынбек Қазенұлы қалалық мәслихат депутаты кезінде әр көпқабатты тұрғын үйдің паркінгі болуы керек деген пікірде болды. Осы мәселе бойынша мәслихат мінберінен бірнеше рет сөз сөйледі.

– Паркінгсіз қала тұншығады, аулаларға, көшелерге көліктер сыймайды. Сондықтан паркінгсіз көпқабатты тұрғын үй салуға рұқсат берілмесін деген ұстанымда болдым. Бірақ «баяғы жартас – бір жартас», қазір де паркінгсіз көпқабатты тұрғын үйлер салынып жатыр. Түсінемін, бәлкім, құрылыс салушыда паркінг құрылысына қаржы жетпейтін шығар. Бірақ паркінг те қаланың маңызды нысаны. Оның құрылысы елорданың абаттандырылуымен байланысты. Осы орайда мемлекеттің паркінгтер құрылысына қаржы бөліп, осы нысандарды сатып алуы үлкен маңызға ие. Бір жағынан паркінгтерді салу тұрғындардың жайлылығы үшін

де керек, – дейді елорда мәслихатының бұрынғы депутаты.

Тұрсынбек Қазенұлы 2012-2016 жылдары Парламент Мәжілісінің V шақырылымына депутат болып сайланды. Оның айтуынша, сол кезде Астана қаласы мәслихатында жинаған тәжірибе көп көмектесті. Төменгі палата мінберінен де ол сан алуан мәселені көтерді. Соның ішінде жетімдер мәселесі де болды.

– Астана қаласы мәслихатында бірге жұмыс істеген барлық әріптесіме алғыс айтқым келеді. Мен олардан көп нәрсе үйрендім. Сол кездегі депутаттар нағыз тұлғалар еді. Олармен бірге қаланың тыныс-тіршілігіне қатысты көп мәселені шештік. Соның ішінде Владимир Редкокашин сол уақыттағы мәслихатты өте байыпты, байсалды қалпымен, асқан білігімен басқарды. Мәслихаттағы әріптестерім арасында Надежда Петухова медицина, басқа да салаларға, қала тіршілігіне қатысты ұтымды ұсыныстарды айтатын. Александр Майер өте креативті, батыл депутат еді. Ол үнемі өзекті мәселелерді көтеретін. Бұл кісі сияқты депутаттар көп болуы керек деп есептеймін. Себебі бүгіндері

билік орындарына жақпайтын сөз айтатын депутаттар сирек. Сол уақытта Астана қаласы әкімінің бірінші орынбасары болған Сансызбай Есіловке көп рақмет айтқым келеді. Ол түрлі мәселе бойынша бізді ылғи қолдайтын. Сансызбай Сейітжанұлы барлық мәселені жедел шешетін. Сол уақытта Білім басқармасының басшысы болған Әсіма Бимендинамен көп кездесіп, пікірлестім. Мәжілісте де Әсіма Темкенқызымен бірге жұмыс істедім. Ол туындаған мәселені тамырын дөп басып, оның шешілуіне барын салатын. Біздің кезімізде мәслихат депутаттарында мүмкіншілік болған жоқ. Қазіргі депутаттарда әлеуметтік желі секілді ресурс бар. Бізде ол болмады, сайлаушылармен кездесу үшін үйлеріне баратынбыз, көшеде кездесетінбіз. Бүгінгі депутаттардың мүмкіншілігі кең деп ойлаймын, – дейді Тұрсынбек Өмірзақов.

Астананың бүгінгі дамуына қатысты да оның өзіндік пікірлері бар. Соның ішінде көлік кетпелсі мәселесі толғандырады. Бұрынғы мәслихат депутатының пікірінше, бұл мәселені қазіргі бірден-бір шешімі – көлік қозғалысы ережесіне өзгерістер енгізу.

– Қазір Астана – бір миллионнан аса тұрғыны бар Қазақстан Республикасын әлемге танытатын елдің бас қаласы. Елорда өзін экономикалық, мәдени және діни сипаттағы жаһандық мәселелер талқыланатын пікірталас алаңы ретінде көрсете білді. Адам өмірінің әр кезеңінде өзінің қызығы бар. Бастысы – өз міндетінді адал атқару. Мәселен, мәслихат депутаты шешім қабылдағанда, оның артында Астананың дамуы, елорда тұрғындарының тағдыры тұрғанын ұмытпауы керек. Сол шешім тұрғындарға зиян тигізбеуі керек. Біздің қаламыз өмір сүруге жайлы, қонақтарға қызықты, жаһандық мәселелердің шешілуіне әсер ететін орталық болып тұруы керек. Жалпы үнемі оң нәтижелерге жету үшін жұмыс істеу керек, – дейді Тұрсынбек Қазенұлы.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ,
Құралай МҰРАТОВА

ТҰРҒЫНДАР ТАЛАБЫН ТЫҢДАДЫ

Астана қаласы мәслихатының депутаты Бауыржан Смайылов өз сайлау округінің азаматтарын қабылдады. Тұрғындар тарапынан жеке сипаттағы және Сарыарқа ауданының тыныс-тіршілігіне қатысты мәселелер көтерілді.



Соның ішінде жалғызбасты зейнеткерлер баспанаға ие болуы үшін оларды жеке санатқа бөлуге септесуді сұрады. Көтерілген мәселелердің қатарында интернет пен көшедегі бейнебақылау камералары жұмысына байланысты «Көктал-1» тұрғын алабының тұрғыны 2021 жылдан бері камералар және әлсіз интернет жайлы мәселені көтеріп келе

жатқанын атап өтті. Оған мәслихат депутаты бұл мәселеге қатысты жауапты басқарма өкілін шақырып, тыңдауды ұсынды. Өткен жылы «Көктал-1»-де 34 камера орнатылғанын, бұл мәселені ерекше бақылауда ұстайтынын жеткізді.

Сондай-ақ сайлаушылар тарапынан Сұлукөл көшесіндегі жолдардың, тротуарлардың және

автобустарға арналған бұрылу жолының болмауы айтылды. Бұған себеп, былтыр осы көшедегі үйлерге орталық жылыту жүргізу кезінде жол төсемі, тротуарлар мен олардың жиектері ашылған. Енді оны қалпына келтіру керек.

Тағы бір мәселе – Абайдың 150 жылдығы көшесіндегі жол төсемінің құрылысын аяқтау. Бауыржан Смайылов бұл мәселені

қала әкімінің қатысуымен өткен мәслихат отырыстарында бірнеше рет көтергенін атап өтті. Тиісті тапсырмалар берілді. Алда жаңа металық құжаттама дайындалып, тендер өтеді және жаңа мердігер айқындалады. Бұл жұмыстар 2025 жылға қарай аяқталады. Сондай-ақ округтегі ұзақ уақыт бойы аяқталмай тұрған бірнеше құрылыс орны мен кондоминиум нысанына қатысты мәселелер көтерілді.

Сонымен қатар қалалық мәслихат депутаты Бауыржан Смайылов Шәймерден Қос-

шығұлды көшесі, 19/1, 19/2, 19/3 және 19/4 мекенжайларында тұратын тұрғындармен кездесті. Бұл көпқабатты үйлер мемлекеттік бағдарлама аясында 2011 жылы салынды. Тұрғындар көшені жарықтандыру, өрт сөндіру жүйесі, автотұрақ, балалар алаңдары, көгалдандыру және жалпы үй маңындағы аумақты абаттандыру мәселелерін көтерді.


Бұл депутаттың аталмыш үйлердің тұрғындарымен алғашқы кездесуі емес. Бауыржан Смайылов мәслихатқа сайлау науқанында да олармен кездесіп, мәселелерін тыңдады. Аталған мәселер Жол картасына енді.

«Бүгінгі таңда тұрғын үйлердің артында салынатын автотұрақ

мәселесі оң шешілді. Қоғамдық талқылаулардың нәтижесінде тұрғындардың көпшілігі үйдің жанындағы бос қалған жерде скверді ұйымдастыруға дауыс берген еді. Менің ойымша, қаланы егжей-тегжейлі жоспарлау жоспарына өзгерістер енгізуге және тұрғындардың өтініші бойынша қоғамдық кеңістік құруға абаттандыру мәселелерін көтерді.

Жалпы осы үйлердің айналасындағы бос кеңістікке балабақша салу жоспарланған. Бірақ тұрғындар балалар мен ересектердің бос уақытын жеткізуге арналған орындардың жоғын байланысты осы жерде демалыс алаңын салуды сұрап отыр.





ҚУАТТЫ КӘСІПОРЫН – ДАМУ ДРАЙВЕРІ

«Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасы аясында іске асып жатқан перспективалы жобалардың жұмысымен танысу үшін Астана қаласының мәслихат депутаттары Асқар Смағұлов, Ерлан Дәкенов, Қанат Ибраев, Владислав Сергеев, Жанаргүл Құлмағамбетова №1 Индустриалдық паркке арнайы барды. Экономикалық аймақта түрлі салада қызмет ететін жүзден аса бизнес субъектісі шоғырланған. Халық қалаулылары бес кәсіпкерлік нысанды аралады.

**Нұрлат
БАЙГЕНЖЕ**

САПАЛЫ ҚҰРЫЛЫС МАТЕРИАЛДАРЫН ӨНДІРЕДІ

Бірінші құрылыс материалдарын шығаратын «Metal Forme» ЖШС жұмысын көрдік. Компанияның өндірістік директоры Тимур Данияров қарсы алып, зауыттың жұмысымен таныстырды.

– Жобаның құны – 6 миллиард теңге. 2022 жылы зауыттың құрылысы басталып, 2023 жылы желтоқсан айында іске қосылды. Зауыттың ашылуына Президент Қасым-Жомарт Тоқаев арнайы қатысты. Шатыр және қаптауға қажетті құрылыс материалдарын шығарамыз, – деді директор. Ішкі және сыртқы сәндік панельдер, ламинатталған талшықты цемент тақталар, алюминий профилдер, қар ұстайтын қалқандар және тағы басқасын өндіретін компанияның өнімдеріне нарықта сұраныс бар.

– Құрылысқа керекті материалдың 47 түрін шығарамыз. Ламинатталған талшықты цемент тақталар заманауи, практикалық және экологиялық таза қаптау материалы саналады. Бұл – құрылыс материалы ыстыққа да, суыққа да төзімді, жеңіл әрі берік материал. Өрт қауіпсіздігіне толық жауап береді, – деп өнімнің сапасын сөз етті компания инженері Абзал Рақымжанов.

Бізді қызықтырғаны, шикізатты қайдан, қалай алатыны. Бұл сұраққа Тимур Данияров былай жауап берді: «Алюминий өнімін Павлодар мен Қарағанды қаласынан, цемент тақталарды Қырғызстан мен Қытайдан алдырамыз. Біз алюминий өнімін түрлі формаға түсіріп, құрылысқа керекті материал ретінде дайындаймыз. Ал талшықты цемент тақталарды әртүрлі түске бояймыз».

Компания ұзақ жылдық жоспарын бекітіп, сол бой-

ынша жұмыс істеуде. Қазір 46 адамды тұрақты жұмыспен қамтып отырса, 2029 жылы жұмысшы санын 150 адамға жеткізуге ниетті. Биыл 18,5 миллиард теңге табыс табуды жоспарласа, 2029 жылға қарай қаржы айналымын екі есеге арттырып, 29,8 миллиард теңгеге жеткізу міндеті тұр.

ТЕМІРЖОЛ ПАРКІН ЖАҒАРТУҒА ҮЛЕС ҚОСАДЫ

Елдің дамуында логистикалық сервистің сапасын арттыру маңызды рөл атқарады. Әсіресе сенімді тасымал құралы саналатын пойыздардың сапасын арттыру керек. Қазір теміржол қатынасында жүрген вагонның көбі ескірген. Туризм мен бизнесті ілгерілетуде жоғары жылдамдықты жаңарған вагондар оң әсер етеді. Осындай ауқымды міндетті орындауда «Stadler Қазақстан» ЖШС атсалысуды көздеп отыр.

Вагон шығаратын зауыттың аумағы 1,5 мың текше метрді қамтиды. Қазір 100 адамды жұмыспен қамтып отыр. 2026 жылға қарай 500 адамды вагон құрастырып, шығаруға тартпақ.

Компанияның бас директоры Владимир Русак перспективалы жобаның маңызын түсіндірді.

– 2023 жылы Қазақстан нарығына швейцариялық сапа келді. Бұл пойызбен сапарлау немесе саяхаттау Еуропадағыдай ыңғайлы және қауіпсіз болуға алғышарт болады. Stadler компаниясы 80 жылдан астам жоллаушылар қозғалысының қауіпсіздігін, жылдамдығын және ыңғайлылығын арттыратын сапалы вагондар шығарып келеді. Германия, Италия, Нидерланды, Австрия, Польша, Испания, Венгрия және АҚШ-та филиалдары жұмыс істейді. Енді 2025 жылы Астанада толық циклді зауыт жұмысын бастап, теміржол паркін жаңартуға үлес қосады, – деді компания басшысы.

2019 ЖЫЛДАН
№1 ИНДУСТРИАЛДЫҚ
ПАРКТЕГІ
КОМПАНИЯЛАР
МЕМЛЕКЕТКЕ

230,29
МИЛЛИАРД

ТЕҢГЕНІҢ САЛЫҒЫН
ТӨЛЕДІ



Бұл компанияның FLIRT H2 сутегі пойызы 46 сағат ішінде 2803 шақырым қашықтықта тоқтаусыз жүріп, Гиннестің жаңа әлемдік рекордты орнатты. Яғни Stadler – әлем бойынша теміржолға арналған жолаушылар вагонын өндіретін жетекші компания.

2021 жылғы 29 қарашада Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Швейцарияға ресми сапары кезінде «Қазақстан теміржолы» ҰК» АҚ мен «Stadler Rail AG» компаниясы ынтымақтастық туралы келісімге келген-ді. Қазір зауытты жабдықтау жұмыстары жүргізілуде.

Компанияның коммерциялық директоры Сергей Леонтьевтің сөзінше, кәсіпорынның өндірістік қуаты жылына 100-ден астам жолаушылар вагонын құрастырып, шығарады. «Stadler Қазақстан» ЖШС стратегиялық серіктесі «Жолаушылар тасымалы»



АРНАЙЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АЙМАҚТАҒЫ «АСТАНА – ЖАҢА ҚАЛА» ЖӘНЕ «АСТАНА-ТЕХНОПОЛИСТІҢ» БАСҚАРУШЫ КОМПАНИЯСЫ БОЛЫП «ASTANA INVEST» ИНВЕСТИЦИЯЛАРДЫ ДАМУ ОРТАЛЫҒЫ САНАЛАДЫ. №1 ИНДУСТРИАЛДЫҚ ПАРКТЕ ӨНЕРКӘСІПТІК ОБЪЕКТІЛЕРІНІҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ПОРТФЕЛІ НАҚТЫ САЛЫНҒАН 112 ЖОБАНЫ ҚҰРАЙДЫ

лы» АҚ ұлттық тасымалдаушысы компаниясы. Демек, зауыт іске қосылған кезде теміржол паркін жаңартуға жол ашылады.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТАЗА ДАҚЫЛ ӨСІРУГЕ КӨМЕКТЕСЕДІ

Үшінші нысан «SWISSGROW» брендімен тыңайтқыштар өндіретін кешен болды. Халықаралық компания ауыл шаруашылығына арналған арнайы кешенді минералды тыңайтқыштардың 400-ден астам түрін өндіреді. 35 жылдық тәжірибесі бар компанияның тыңайтқыш топырақтың әртүрлі түрінде құнарлықтың жоғарылауын қамтамасыз етеді. Қазақстанда «SWISSGROW» компаниясы 100-ге жуық тыңайтқыш атауын тіркеді. ТМД нарығына 20-ға жуығын экспорттауды жоспарлауда.

Жергілікті компанияның директоры Рүстем Алиев:

– Швейцарияның ауыл шаруашылығы саласындағы тәжірибесіне сүйеніп дайындалатын тыңайтқыштар дақыл түрлерінің саны мен сапасына әсер етеді. Бәрінен бұрын, дақылдың қоймада сақтау мерзімін ұзартады. Бізде жылжымай шаруашылығына және тамшылатып суаруға арналған рецепт бойынша сұйық және сусымалы тыңайтқышқа жататын 25 атау және 500-ден астам түрі бар. Онымен топырақтың құнарын арттыруға болады, – деп таныстырды.

2017 жылы ақпан айында ашылған өндіріс орнында 14 адам тұрақты жұмыс істейді. Компания жұмысының тиімділігі – агрономдар арқылы шаруа қожалықтармен тікелей жұмыс істеп, тыңайтқыштардың қай түрін, қанша мөлшерде, қандай уақытта беру тәжірибесімен бөліседі. Яғни өнімді нарықта сатудан бөлек, швейцариялық брендтің тиімділігін көзбен көріп, қолмен ұстайтын деңгейге жеткізеді.

– Жобаның жалпы құны – 150 миллион теңге. Жылына 50 мың тонна сұйық және құрғақ түрінде тыңайтқыш шығарамыз. 2023 жылы 5,8 миллиард теңгенің өнімін өндіріп, мемлекетке 673 миллион теңгенің салығын төледік. Шикізаты – минералды заттар. Біздің ел минералды элементтерге бай болса да, шикізатты шет елдерден әкелеміз, – деді директор Рүстем Алиев.

ҚАЛАНЫ АБАТТАНДЫРУҒА ҚАРҚЫН БЕРЕДІ

Қалаға да, ауылға да абаттандыру жұмысын жүргізгенде тастөсенішті (брусчатка) жерге қалап жатады. Әсіресе серуендейтін скверге, демалатын аллеяға түрлі-түсті брусчатканы төсейді. Бытыр елордада ондаған демалыс орны жаңа сипатқа енді десек, барлығында тастөсенішті жаңалады. Демек, брусчатка өндірісіне сұраныс жоғары.



дейін өнім шығарамыз. Аралас форматты: Artis, Terra S, Agara, Микс S, Микс L, Софи аталатын өнім түрлерін өндіреміз. Тастөсенішті стандартты 50×50 өлшемінен бастап, 30×30, 60×30, 30×15, 60×20 табуға болады. Жиектастардың өлшемі 100×30×15, 100×25×10, 100×20×8, 50×20×8 бойынша дайындалады, – деп таныстырды компанияның сауда-саттыққа жауапты директоры Жақсылық Есентеміров.

Одан әрі өндірісте қиыршық тасқа цементті араластырып дайындаудан, тастөсенішті шығаруға дейінгі толық циклды жұмысын көрсетті. Алдымен арнайы аппаратта бір қалыпқа келтіріліп, сосын жылжымалы жүйе арқылы беріктігін арттыратын қоймаға жіберіліп, кептіріледі. Онда 24 сағатқа дейін 40 градуста ұстайды. Одан әрі қораптарға жиналып, нарыққа шығаруға әзірленеді. Осы аралықта арнайы мамандар өнімнің сапасын қайта-қайта тексеріп отырады.

ТҮРКИЯ БРЕНДІ – ҚАЗАҚСТАНДА

«YDA Group» компаниясы бизнестің негізгі 11 саласында табысты саналады. Әсіресе, құрылыс және жылжымайтын мүлік, медицина және сауықтыру, авиация және энергетика, тау-кен өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы, ақпараттық технология бағытында әлемдік деңгейдегі қызмет ұсынады. Бұл компания Қазақстан нарығына кіріп, ірі жобаларды іске асыра бастады. Соның бірі – Түркістан қаласындағы халықаралық аэропорттың құрылысын жүргізді. Одан бөлек, Петропавл, Қостанай, Түркістан, Астанада емхана салды.

Бізді қарсы алған алпауыт компанияның директоры Мұрат Четин индустриялық паркте орналасқан өндіріс орнымен таныстырды.

– 2022 жылы 22 миллиард теңге инвестиция салып, ашылды. Өндіріс орнында 5 цех бар. ПВХ және алюминий есіктер мен терезелер шығаратын және медициналық газ жабдықтары, кеңсе жиһаздары, медициналық техникалық жиһаздар мен жабдықтар, құрама ғимараттар шығаратын цехта 200-ге жуық адам жұмыс істейді. 2023 жылы 3,3 миллиард теңгенің өнімін дайындап, 266,5 миллион теңге салығын төледік, – деді түрік азаматы Мұрат Четин.

Бізді медициналық жиһаз бен жабдықтар шығаратын цех қызықтырды. Онда қозғалмалы, жылжымалы түрлі кереуеттер дайындалады екен. Тіпті арбада отыратын науқастарға да жайлылық беретін жабдықтарды көрдік. Әзірге медициналық жабдықтармен Петропавл, Қостанай, Түркістан және Астана қаласындағы емханаларды қамтамасыз етуде. Егер сұраныс болса, өнімділікті арттыруға толық мүмкіндік бар екен.

4 гектар аумақты қамтитын өндіріс орнындағы 5 цехты толық аралап шығуға 1 күн кететіні анық. Заманауи құрылыста нағыз төңкеріс жасаған құрама ғимараттар шығаруды ілгерілету – маңызды іс. Өйткені құрылыс индустриясы ғимараттарды қысқа мерзімде салуды талап етеді. Қазір суық және ыстық ауа райына, жер сілкінісіне және дауылға төзімді материалдарға шет елдерде сұраныс жоғары.

Міне, нарықтағы сұранысты өтеуге «Paving Stone Company» ЖШС тәуекел етіп, жаңа өндіріс орнын құруға 5,9 миллиард теңге инвестиция құйды. 4 мың шаршы метр аумаққа қамтитын өндіріс орны автоматтандырылған. Артықшылығы – өндірістен шыққан суды қайта өңдеп, қолданады, әрі өнімді түрлі-түспен шығарады.

– Құрама темірбетон және бетон конструкциялары мен бұйымдарын өндіреміз. 70 адамды жұмыспен қамтып отырмыз. Тәулігіне 5 мың шаршы метрге

P.S: *АҚШ, Ұлыбритания, Жапония, Германия бизнесті дамыту арқылы озық елдер қатарында көш бастайды. Бір ғана мысал, АҚШ-та 33,3 миллион компания бизнес санатына жатады, әрі онда 61,6 миллион адам жұмыс істейді. Бұл көрсеткіш АҚШ-тағы жұмыс күшінің 45,9 пайызын құрайды. Біздің Үкіметтің ел экономикасындағы шағын және орта бизнес үлесі 2050 жылы 50 пайызға жеткізуді талпынып отырғаны осы себепті. Экономикалық аймақ осы бағыттағы межелі жұмысты атқару үшін құрылып отырғаны анық.*



№44 (4632) 13/04/2024 Сенбі

**Гүлбаршын
ӨКЕШҚЫЗЫ**

Астана қаласы Төтенше жағдайлар департаменті баспасөз қызметінің хабарлауынша, «Астана қаласын Есіл өзенінің су тасқынынан қорғау» объектісінің толығуына және Есіл өзені арнасының деңгейіне тұрақты негізде мониторинг жүргізеді. Бүгінде елордада су тасқыны жағдайы штаттық режимде өтуде, жағдай тұрақты.

Быттыр қыркүйекте астанада су тасқыны қауіпі бар учаскелер комиссия тексеруінен өтіп, 20 учаске бойынша аудан әкімдеріне қажетті шаралар қабылдау туралы ұсыным берілген болатын. Соның арқасында бас қалаға үлкен қауіп төнген жоқ еді. Дегенмен қарғын су қала маңындағы елді мекендерге қауіп төндіріп тұр.

**ЖІБЕК ЖОЛЫ –
ЖІТІ БАҚЫЛАУДА**

Ақмола облысы Төтенше жағдайлар департаментінің ресми өкілі Ерсайын Қойшыбаевтың айтуынша, қазіргі таңда Аршалы ауданындағы су тасқынына қарсы жұмыстар қызу жүріп жатыр.

– Жібек жолы ауылы №6 шағын ауданының маңында еріген су деңгейінің жоғарылауына байланысты тұрғын үйлерді су басу қауіпі туындады. Жер білігін тұрғызу және нығайту жұмыстарын жалғастыру үшін жергілікті атқарушы органдар дереу 18 КамАЗ, 13 тигуш, 6 экскаватор мен бульдозер мөлшерінде күштер мен құралдарын жұмылдырған болатын. Бүгінде бұл елді мекенде қарғын судың алдын алу бағытында белсенді жұмыс жүріп жатыр. Ауа райының күрт суытуына қарамастан, ауыл адамдары қызу еңбек етуде. Сонымен қатар Қарағанды қаласы ТЖД 30 адам және 1 техника күштері мен құралдары, сондай-ақ ҚР ТЖМ №52859 әскери бөлімшесінен 21 адам, 1 техника және Астана қаласынан 6636 ҚР Ұлттық ұланнан 70 адам, 2 техника келді. 2300 тонна инертті материал әкелінді, 35 мың қап дайындалып, төселді. Су тасқынына қарсы жұмыстарды жүргізу үшін жергілікті тұрғындардан 200 адам мен 55 ерікті де көмекке келгенін атап өткен жөн, сондай-ақ олар әскери қызметшілер мен құтқарушыларға ыстық шай мен ыстық тамақ әзірлеп, алғысын білдірді. Ауыл адамдары құтқарушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз етуде, – деді Ерсайын Қойшыбаев.



ТАСҚЫНМЕН КҮРЕС ТОЛАСТАҒАН ЖОҚ

Су тасқынынан зардап шеккен аймақтардағы жұмыс қызу жалғасып жатыр. Қарғын су Астана маңындағы елді мекендерге де қауіп төндірді. Осыған орай, елордалық құтқарушылар Қостанай облысынан келген әріптестерімен бірге бас қалаға жақын орналасқан ауылдардағы судың алдын алуға көмектесуде.

сыз етуде, – деді Ерсайын Қойшыбаев.

Су тасқынына қарсы жұмыстар тәулік бойы жүргізілуде және жергілікті атқарушы органдардың, сондай-ақ Аршалы ауданы Төтенше жағдайлар басқармасының тұрақты бақылауында. Дегенмен жергілікті жұртшылық алаңдаулы. «Егер уақытында көмек келмесе, су қалаға жетіп баруы мүмкін» дейді тұрғындар.

Астана қаласына жақын орналасқан Жібек жолы ауылының маңында еріген қардың суы күн жылынған сайын көтеріліп жатыр. Қазір елді мекеннің тұрғындары екі қолға бір күрек ұстап, суды тоқтату үшін қаптарға топырақ салып, дамба тұрғызуда. Екі күннен бері бұл жұмысқа Астанадан да азаматтар келіп, көмектесіп жүр. Соның бірі – «Жастар рухы» мен «Астана жастары» қозғалысының 150-ге жуық еріктісі.

Қазір Жібек жолы ауылының маңында еріген су деңгейінің көтерілуіне байланысты тұрғын үйлерді су басу қауіпі бар. Осыған орай, Астана қаласының әкімдігі қорғаныс құрылысын салу үшін барлық қажетті техниканы, инертті материалдар мен топырақ салынған қапшықтарды әкелді. Дегенмен жергілікті тұрғындар әлеуметтік желіде Жібек жолы ауылына көмек қолы әлі жетпей жатқанын алға тартып отыр. Олардың айтуынша, егер бүгін-ертең Астана-

дан суды тоқтатуға көмек келмесе, су Жібек жолы мен Күйгенжар ауылын шайып кетуі мүмкін.

Бұған дейін Астана қаласының іргесінде орналасқан Қоянды мен Талапкер ауылдары, Қосшы қаласының маңындағы Тайтөбе елді мекені де судың астында қала жаздаған еді. Бұл ауылдарда қыс бойы жиналған қар уақытында сыртқа шығарылмай, тұрғындардың жүріп-тұруына кедергі келтіріп, әбігерге түсірген болатын.

«Енді Жібек жолы суын тоқтатпаса, онда су дала арқылы өтіп, барлық елді мекенді су басуы ықтимал. Су Күйгенжарға жақын қалаларға топырақ салып, Есіл толып кетті» деді ауыл тұрғындары. Ал сала мамандары Астана қаласын су басу қауіпі жоқ деп сендірді. Тасқынды болдырмау үшін елорда іргесіндегі Тайтөбе ауылында жағалауды биіктету, суды тез өткізу үшін көпір бұзу сияқты жұмыстар жүргізіліп жатыр.

**АТБАСАРДАҒЫ АХУАЛ
АЛАҢДАРЛЫҚ**

Ақмола облысына қарасты Атбасар қаласында Жабай өзені арнасынан асып, ауданда төтенше жағдай жарияланды. Мұны аудан әкімі Аманбек Қалжанов мәлімдеді.

Облыстық ТЖ департаментінің ресми өкілі Ерсайын Қойшыбаевтың айтуынша, төтенше жағдай

мамандары мен жергілікті тұрғындар бірлесіп судың жолын бөгеу жұмыстарын қолға алған. Инертті материалдар дайындаған. Бұл жұмыстарға құтқарушылар мен әскерилер жұмылдырылып, еріктілер де атсалысуда.

– Атбасардағы жағдай жіті бақылауда. Тұрғындарды эвакуациялау, нысандар мен тұрғын үйлерді қорғау шаралары жүргізілуде. Қазіргі уақытта мотопомпалардың көмегімен еріген суды сору жұмыстары жүргізілуде. Азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесінің 400-ден астам адамы мен 100 техникасы жұмылдырылды, – деді ресми өкіл.

Астанаға жақын бұл елді мекенді быттыр да су басып, жергілікті жұртшылықты біраз әбігерге салған болатын. Сол кезде де тұтастай көшелер суға батып, тұрғындар баспанасынан шыға алмай қалған еді. Өкініштісі, жылда қайталанса да, жергілікті әкімдік су тасқынының алдын алуға қарсы еш амал-айла таба алар емес.

Ресми деректерге сүйенсек, 2014 және 2017 жылдары Атбасар қаласында су тасқынының салдары аса қатты болды. 2014 жылы 554 үй суға кетсе, 2017 жылы 600-ге жуық тұрғын үйді су басып, жарамсыз күйге түскен. Бюджет қаржысы шығындылып, үйін мүлдем қалпына келтіруге болмайтындықтан жаңадан баспана салынған. Дәл осы жылдары Жабай өзенінің арнасы 6 метрге дейін көтеріліп, шекті межеден екі есе асып кетті. Дегенмен бұл жылдары тасқын судың қатері аса күшті болғанмен, су өзгенге таяу орналасқан тұрғын үйлерді ғана шайған. Ал биыл атбасарлықтар аса қатты алаңдап отыр. Өйткені бұған дейін ешқашан су баспайтын Жабай өзенінен шеткері орналасқан көшелер мен аудандарда да су басып, аулаларға, оның ішінде кейбір жер үйлерге дейін су кірген.

**ҚОЯНДЫДА ЖАҒДАЙ
ҚАЛЫПТЫ**

Наурыз айының соңында Астана маңындағы Қоянды ауылын да су басты. Бүгінгі таңда су қауіпі сейілді ме? Қазіргі ахуал қалай? Биыл неге елді мекен су астында қалды? Төтенше жағдай қызметкерлері қандай жұмыс атқарып жатыр?

Төтенше жағдайлар министрлігінің мәліметінше, Қояндыдан биыл 150 мың текше метр қар шығарылып, 100 мың текше метрге жуық еріген су тартылды. Ақмола облысы

мен Астана қаласы ТЖД және жергілікті атқарушы органның 35 техникасы, 100-ден аса адам және 41 мотопомпа жұмылдырылды. Қазіргі таңда жағдай қалыпты.

2004 жылы Қоянды ауылында 58 үй болса, қазіргі таңда 5 мыңға жуықтады. Ауылда 180 шақырымға созылған жол және 108 көше бар. Сонымен бірге Қояндыда 40 мыңға жуық халық тұрады. Ауылда жедел эвакуацияланған адамдар жоқ. Ауыл әкімі Бақытхан Солтанбай ауылдағы жағдайдың неден шығып отырғанын айтып берді.

– Көп фактор бар. Соның бірі – Қоянды бас жоспарсыз құрылған ауыл. Елді мекеннің бас жоспары тек 2018 жылы ғана бекітілді. Ауылдың көптеген үйі тасқолдан төмен орналасқан. Быттыр 16 шақырымға жуық жол салынған болатын. Құрылыс нормалары мен арнайы стандарттары сақталмай үйлер салына берген. Жалпы ауыл алдымен инфрақұрылым қалыптасып, кейін ғана қолданысқа берілуге тиіс, ал Қоянды – олай құрылмаған елді мекен. Көбіне жол жиегінде тұрған үйлердің іргесінен су кіріп жатыр. Оның үстіне фундаменті де биік салынбаған. Төтенше жағдай қызметкерлері жұмылып, су басу қауіпі бар көшелердің суын сорғызып жатыр, – деді Қоянды ауылының әкімі.

Сонымен қатар әкім бүкіл мәселе жолдан басталып отырғанын айтты. Өйткені ауыл құрылғаннан бері заңсыз аймаққа үй сала берген тұрғындар бар. Тіпті кейбірі үйін заңдастырып алған. Бұл өз кезегінде толық ауыл жоспарының құрылуына кесірін тигізуде.

– Қояндыдағы қарды толық шығару үшін облыстан кемі жарты миллиардқа жуық қаржы бөлінуге тиіс. Биыл қар шығаруға 55 миллион теңге қарастырылған. Бірақ бұл аздық етеді. Алдағы уақытта аудандық мәслихат бұл мәселені қолға алып, бюджетімізді көбейтсе дейміз. Қазіргі таңда ахуал тұрақтанды. Құтқару жұмыстары тыңғылықты жүргізілуде, – деді ауыл әкімі.

Қала маңындағы барлық елді мекенде құтқарушылар жергілікті тұрғындармен және Ұлттық ұланның сарбаздарымен бірлесіп, тәулік бойы тынымсыз еңбек етуде. Олар қажетті техникамен және құралдармен толықтай қамтамасыз етілген. Мамандардың мәлімдеуінше, бүгінгі таңда барлық елді мекенде жағдай бақылауда, бірақ су тасқыны қауіпі әлі де сақталуда.



Қала маңындағы барлық елді мекенде құтқарушылар жергілікті тұрғындармен және Ұлттық ұланның сарбаздарымен бірлесіп, тәулік бойы тынымсыз еңбек етуде. Олар қажетті техникамен және құралдармен толықтай қамтамасыз етілген. Мамандардың мәлімдеуінше, бүгінгі таңда барлық елді мекенде жағдай бақылауда, бірақ су тасқыны қауіпі әлі де сақталуда



БАСТЫ МӘСЕЛЕ – БАЛА ҚАУІПСІЗДІГІ



МЕКТЕП ЕҢ ҚАУІПСІЗ ОРЫН БОЛУЫ ТИІС

Білім беру ұйымдарында балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі – басым бағыттың бірі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев айтқандай, мектеп ең қауіпсіз жер болуы тиіс. Бүгінгі таңда қаладағы барлық мемлекеттік білім беру ұйымы автоматты өрт дабылы жүйесіне қосылып, толығымен цифрлық бейнебақылаумен, турникетпен және І санатты лицензиясы бар күзет кәсіпорындарымен қамтамасыз етілген. Сондай-ақ барлық камера мен дабыл түймесі жедел басқару орталығына қосылған.

Басқарма тарапынан білім беру ұйымдарының аумағында және 1 км радиуста кірме жолдар мен ашық көріз құдықтары (люктер) бойынша мониторинг жүргізілді. 2023-2024 оқу жылының басынан барлық білім беру ұйымында Төтенше жағдайлар департаменті мамандарымен бірлесіп отырып, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде қызметкерлер мен оқушылардың іс-әрекеті бойынша 120 тренинг өтті.

Жаз маусымы басталар алдында аудан әкімдіктерімен, аудандық Төтенше жағдайлар департаменттерімен және Төтенше жағдайлар басқармасымен бірлесіп, ойын алаңдарын, спорт ғимараттарын, ғимараттарды, ашық люктерді, балалардың шомылу орындарын, аттракциондарды және т. б. бойынша тексеру жұмыстары жүргізіледі.

2024 жылы ақпан айында әкімдікте білім беру ұйымдарындағы және одан тысқары қауіпсіздік мәселелері бойынша ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Балалардың құқықтарын қорғау комитеті, прокуратура, Полиция департаменті және басқа да мүдделі органдардың бірлескен отырысы өтті. Балалардың қауіпсіздік мәселесі қала әкімінің үнемі бақылауында болғандықтан, барлық мүдделі органдарға бірқатар тапсырма берілді:

– Қалалық мектеп психологтарының санын 200-ге (228-ден 428-ге), қорғаншылық және қамқоршылық қызметкерлерінің санын екі есеге арттыру.

– Қамқоршылық қызметінің тиімді жұмыс істеуі үшін мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде үкіметтік емес ұйымдарға нашарлықтың алдын алу, кәмелетке толмағандардың құқығын қорғау және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, жетім балаларға арналған қалалық білім беру ұйымдарының түлектерін интернаттан кейінгі қолдауға бағытталған іс-шараларға тарту жұмыстары жүргізіледі. Сондай-ақ кәмелетке толмағандардың жыныстық қол сұғылмаушылыққа қарсы қымыстардың алдын алу, отбасындағы келеңсіздіктерді ерте анықтау жұмыстары да қамтылған.

ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ

Бүгінде басқарма құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстарын күшейтіп отыр. Тек 2024 жылдың басынан бері профилактикалық кеңестердің 420 отырысы өтті, бұл 2023 жылмен салыстырғанда 180 пайызға көп (2023 жылы – 1064, 2023 жылдың наурызында – 150).

Қазіргі уақытта ювеналды полиция бөлімшесінде 135 (138) кәмелетке толмаған жасөспірім есепте тұр, бұл 2,2 пайызға төмендегенін көрсетеді, 363 (309) оқушы мектеп есебінде тұр, 17,5 пайызға өсті, бұл білім беру ұйымдарында профилактикалық жұмыстардың күшейгенін аңғартады.

Есепке алынған кәмелетке толмағандармен жұмыс жеке жоспар бойынша жүреді. Әрбір мектеп оқушысы мен колледж студентіне әлеуметтік портрет жасалды.

Барлық жалпы білім беретін мектепте қосымша білім беру ұйымдарының 135 филиалы жұмыс істейді, оларда 213556 оқушы білім алады. Сондай-ақ мектептерде жұмыс істейтін үйірмелерге 84377 оқушы тартылған. Елордалық оқушылардың 81,5 пайызының бос уақытын ұйымдастыруда.

124 білім беру ұйымының (98 мектеп және 26 колледж) базасында «Жас сарбаз» әскери-патриоттық қоғамдық қозғалысының жанынан 85 әскери-патриоттық клуб жұмыс істейді.

Кәмелетке толмағандар арасында құқықтық мәдениетті арттыру мақсатында іс-шаралар (сабақ, әңгімелесу, лекция, сауалнама, конкурс, кездесу) өтеді.

2022 жылдан бастап «Қауіпсіздік сазаты» ведомствоаралық өзара іс-қимыл жобасы жұмыс істейді (прокуратура, сот, төтенше жағдайлар қызметі, денсаулық сақтау басқармасы, полиция бөлімдері және т. б.). Бүгінде 32 мектепте және 8 колледжде іс-шаралар өтіп, 16 мыңнан астам ата-ана қамтылды.

СУИЦИД ПЕН БУЛЛИНГТІҢ СЕБЕБІ НЕ?

Қаланың 5 ауданында оқушылар мен ата-аналарға тегін психологиялық және консультативтік көмек көрсету үшін кабинеттер ашылды. Жыл басынан бері 142 бала мен 156 ата-ана консультациядан өтті. Сонымен қатар қалалық пси-

ЖАЗ МАУСЫМЫ БАСТАЛАР АЛДЫНДА АУДАН ӘКІМДІКТЕРІМЕН, АУДАНДЫҚ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР ДЕПАРТАМЕНТТЕРІМЕН ЖӘНЕ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР БАСҚАРМАСЫМЕН БІРЛЕСІП, ОЙЫН АЛАҢДАРЫН, СПОРТ ҒИМАРАТТАРЫН, ҒИМАРАТТАРДЫ, АШЫҚ ЛЮКТЕРДІ, БАЛАЛАРДЫҢ ШОМУЛУ ОРЫНДАРЫН, АТТРАКЦИОНДАРДЫ ЖӘНЕ Т. Б. БОЙЫНША ТЕКСЕРУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРГІЗІЛЕДІ

хологиялық қолдау орталығын ашу жоспарлануда. Аталмыш орталық диагностикалық, түзету-дамыту, консультативтік және психо-профилактикалық қызметтерді көрсетеді.

Мектептер мен колледждерде психологпен тікелей байланысып, кеңес алуға мүмкіндік беретін QR-кодтары бар ақпараттық белгілер орнатылған. Балалар мен олардың ата-анасы сұрақтарға жауап ала алады, сонымен қатар студенттер арасында туындайтын мәселелер бойынша әрекет ете алады.

Биыл білім беру ұйымдарында бұзақылыққа қарсы бағдарламаны жүзеге асыру

жоспарлануда. Осы мақсатта қанатқақты жобаға 5 мектеп енді (Алматы ауданындағы №72 мектеп, Байқоңыр ауданындағы №16 мектеп, Нұра ауданындағы №79 мектеп, Есіл ауданындағы №24 мектеп, Сарыарқа ауданындағы №6 мектеп).

Осы бағдарлама аясында бұзақылықтың алдын алу және азайту (сабақтарды өткізу, тақырыптық міндеттер, бірлесіп оқу), қорқытудың анықталған жағдайын шешу бойынша шаралар қабылданады. Сондай-ақ мұғалімдерді оқушылардың қорқыныш дәрежесін анықтау дағдысына үйрету жоспарлануда.

АСХАНАНЫҢ АС МӘЗІРІ ҚАНДАЙ?

Елордадағы 102 жалпы білім беретін мемлекеттік мектепте 214 мыңнан астам оқушы білім алуда, оның ішінде 100 пайыз бастауыш сынып оқушылары мен халықтың әлеуметтік осал топтарындағы балалар тегін және бұл ағысқа тосқауыл қою мүмкін емес. Біздің де айтпағымыз осы таныс «жыр». Қаланың күн батыс бөлігіндегі жаңа аудандамыз «Театралыны» тұрғын үй мекенжайының сәулет-құрылысы жұтынып-ақ тұр. Қоныстанғанымызға екі-үш жыл. Көшенің аты әлі толық айқындалмаған, Е-67, №6-үй. Тұрғын үйге 280 пәтер қоныстанған. Бір ауыл. Сол бір ауылдағы балабақша жайы қиын-ақ.

Жо-жоқ, жекеменшік балабақша деген жетерлік. Осы үйдің астыңғы қабатына қоныстанған бір емес, төрт бірдей жекеменшік балабақшаның жарнамасы көз сүріндіреді. Бәрі бар. Керек пе, қалауыңыз білсін, балаңызды орыс, неміс, ағылшын тобына бергіңіз келе ме, «пажалста!» Тек қанша сандалсаң да осы балабақшалардың бірде-бірінен қазақ тобын кездестіре алмайсыз.

Еріккеннен емес, жанымыз ауырғандықтан, балабақша меңгерушілерімен тілдесіп көрдік. Олардыкі жаттанды бір жауап: «қазақ тобына ана-аналар балаларын бергісі келмейді!» Шылғи өтірік, көрші-көлемен де пікірлестік, олар: «қайтеміз, амалымыз жоқ, ертеңді-кеш жұмыстамыз, қазақ тобы болмаса да мына жер тиіп тұр, уақытымызды алмайды, ыңғайлы» деп жүре жауап береді. Бізді күртқан осы «амалымыз жоқ!» Республика халқының 80 пайыздан астамы қазақ екенін, жер иесі, атамекен екенін қазақ екенін дереу естен шығарып аламыз да, «амалымыз жоқ» деп, дауыл соқпай, жасын ұрмай пушайман, бейшара қалыпқа қалай түскенімізді байқамай да қаламыз. Осы бейшаралық түбімізге талай мәрте жетсе де, осы келеңсіздіктен тістесіп, әлі айырылмай келеміз.

Қазақ тілінің болашағы туралы мәселе туындай қалса мінбеге шығып, екі білекті сыбыан тебірене сөйлейміз. 280 пәтерлік тұрғын үйдегі жағдай әлгі-

Қасымхан СЕНҒАЗЫЕВ,
Астана қаласы
Білім басқармасының
басшысы

Аяқ астынан «Америка» ашайық деген ниет жоқ. Бұл – талай мәрте айтылған, талай мәрте жазылған таныс тақырып. Біздікі – ел есінде жүрсін деген азды-көпті ескертпе. Қазір біздің айтпағымыздан да сорақы құбылыстар тұс-тұстан тісін ақситып, анталап тұрған жоқ па?!

ҚАЗАҚ ТОБЫ ЖОҚ ТӨРТ БІРДЕЙ БАЛАБАҚША

Дүйім елді әбігерге салған қарғын судың азабы-ақ есімізді тандырып, бүтіндей ырғақты тірлігімізден айырды. Ал мұның қасында біздікі әншейін ғана кемшілік. Осы «әншейін ғана кемшіліктің» кейін, жүре келе ұлттық проблемаға айналып шыға келетінін көріп-біліп жүргелі қашан...

Иә, балабақшаның жетіспейтіні – ежелгі «сырқаттың» бірі. Күн сайын дамудың даңғыл жолына түскен Астанамызда, шүкір, балабақшалар салынып-ақ жатыр, бұлдіршіндер топ-тобымен қабылданып-ақ жатыр. Әйтсе де балабақша жетіспіз. Себебі жұрттың бәрине аян, үлкен қалаға қоныс аударып, тіршілігін жаңаша бастағысы келетіндердің қарасы қалың және бұл ағысқа тосқауыл қою мүмкін емес. Біздің де айтпағымыз осы таныс «жыр». Қаланың күн батыс бөлігіндегі жаңа аудандамыз «Театралыны» тұрғын үй мекенжайының сәулет-құрылысы жұтынып-ақ тұр. Қоныстанғанымызға екі-үш жыл. Көшенің аты әлі толық айқындалмаған, Е-67, №6-үй. Тұрғын үйге 280 пәтер қоныстанған. Бір ауыл. Сол бір ауылдағы балабақша жайы қиын-ақ.

Жо-жоқ, жекеменшік балабақша деген жетерлік. Осы үйдің астыңғы қабатына қоныстанған бір емес, төрт бірдей жекеменшік балабақшаның жарнамасы көз сүріндіреді. Бәрі бар. Керек пе, қалауыңыз білсін, балаңызды орыс, неміс, ағылшын тобына бергіңіз келе ме, «пажалста!» Тек қанша сандалсаң да осы балабақшалардың бірде-бірінен қазақ тобын кездестіре алмайсыз.

Еріккеннен емес, жанымыз ауырғандықтан, балабақша меңгерушілерімен тілдесіп көрдік. Олардыкі жаттанды бір жауап: «қазақ тобына ана-аналар балаларын бергісі келмейді!» Шылғи өтірік, көрші-көлемен де пікірлестік, олар: «қайтеміз, амалымыз жоқ, ертеңді-кеш жұмыстамыз, қазақ тобы болмаса да мына жер тиіп тұр, уақытымызды алмайды, ыңғайлы» деп жүре жауап береді. Бізді күртқан осы «амалымыз жоқ!» Республика халқының 80 пайыздан астамы қазақ екенін, жер иесі, атамекен екенін қазақ екенін дереу естен шығарып аламыз да, «амалымыз жоқ» деп, дауыл соқпай, жасын ұрмай пушайман, бейшара қалыпқа қалай түскенімізді байқамай да қаламыз. Осы бейшаралық түбімізге талай мәрте жетсе де, осы келеңсіздіктен тістесіп, әлі айырылмай келеміз.

Қазақ тілінің болашағы туралы мәселе туындай қалса мінбеге шығып, екі білекті сыбыан тебірене сөйлейміз. 280 пәтерлік тұрғын үйдегі жағдай әлгі-

дей болғанда тіл тағдыры, ана тіліміздің тағдыры қайтіп шешілмек, қайтіп өз жемісін бермек? Бүгін балабақшаға барған сәби – ертең мектеп талбалдырығын аттайтын оқушы, еліміздің келешегі. Еліміздің келешегіне «амалдың жоғанын» кедергілерді қолдан туындатамыз, бар мүмкіндікті пайдалана білмейміз. Құқығымызды қорғауға келгенде баяғы құлдық психология шеңберінен батпақтап шыға алмай жатамыз. Орыс, неміс, ағылшын топтары бар төрт бірдей балабақшадан жалғыз қазақ тобын кездестіре алмау нектен сұмдық?! Сорақылықтың көкесі! Ал сол төрт бірдей балабақшаның кейбір иелері өзге ұлт өкілдерінен. Оларға қазақ тілінің тағдыры «пішту!» Көбіне-көп ай сайын тиесілі қаражатты жинап алып, шетелде демалыста жүреді.

Айтпасан аузың күйетін тағы бір жағдай, бір үйдің астыңғы қабатындағы осынша жекеменшік балабақшаларды ашуға кім рұқсат берді екен деп ойлайсың. Қалалық Білім басқармасы ма, аудандық әкімдік пе? Сондағы ұлтқа жаны ашитын азаматтар ең болмаса: «сіздер қазақ тобын ашамысыздар?» деп неге сұрамайды? Дәл осы уақытта мұндай сұрақтың қойылуы да ерсі, жанадан ашылған, жекеменшік болмақ түгілі, тағы бір-нәрсе болса да, қазақ тобы туралы сөз қозғау ұяттың ұяты! Бұл – табиғи түрде айтқызыбай жүзеге асатын құбылыс. Осы төрт бірдей балабақшаның балалар ойнайтын алаңы жоқ. Бәрі бір сәтте тұрғын үйдің ауласына лап береді. Төрт балабақшаның әрбірінен ең кемі 20 баладан шыққанда, 80 бала ауланы «жаулап» алады. Тұрғындар бейшара, әлгі балабақшалардың балалары қашан құмардан шығып ойнап біткенше бұлдіршіндерін үйінде «қамап» отырады. Бірде болмаса, бірде «ауру, тұмау» жұғып қала ма деп қауіптенеді. Ал тұрғын үйді екі жыл кешіктіріп берген «Астанатрансстройдың» есебі түгел. «Бұл үйдің ауласындай кең аула еш жерде жоқ, таза кірпіштен соғылған керемет үй» деп жарнамалайды. Тұрғындарды иесі қазақ екенін дереу естен шығарып аламыз да, «амалымыз жоқ» деп, дауыл соқпай, жасын ұрмай пушайман, бейшара қалыпқа қалай түскенімізді байқамай да қаламыз. Осы бейшаралық түбімізге талай мәрте жетсе де, осы келеңсіздіктен тістесіп, әлі айырылмай келеміз.

«Театралыны» ТК тұрғындары атынан – Куаныш ЖИЕНБАЙ, жазушы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

Нұрлат
БАЙГЕНЖЕПЕТИЦИЯНЫҢ
МАҢЫЗЫ НЕДЕ?

Цифрланған әлемнің негізгі нышаны – интернет. Әлемнің озық елдері 5G, 6G, 7G дамытуға күш салуда. Бүгінде 5,35 миллиард адам интернетті тұрақты пайдаланады. Бұл – әлем халқының 66,2 пайызы. Әрі жыл сайын интернетті қолданушы саны 97 миллион адамға көбейеді. Яғни интернет – сұранысқа ие сала. Осыдан-ақ онлайн-петицияның маңызын түсінуге болады.

Петиция – билікке белгілі бір топтың талап-өтінішін онлайн жеткізу жолы, үндеудің пәрменді түрі. Мемлекеттік және әкімшілік органға жазбаша жіберілетін ұжымдық өтініш беріп, маңызды қоғамдық мәселелерге әсер етіп, оң қорытындыға қол жеткізу құралы.

Петиция пәрменді болуда көтерілген идеяны қолдап, оған қол қойған адамдардың саны көп болғаны дұрыс. Өйтпесе құзырлы органдар өтінішті елеуі мүмкін. Өтінішті арнайы интернет-платформа арқылы қағаз түрінде де, электронды түрде де береді. Өтініш тіркелгеннен кейін белгіленген бір уақытта жауап беріледі. Бұл мемлекеттердің демографиялық ұстанымына сай жүргізіледі.

Интернет қажетті қол жинауды айтарлықтай жеңілдетіп, азаматтар мен мемлекеттік қызметкерлер арасындағы диалогты жеңілдетеді әрі жақсартады. «Халықтың үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыруда онлайн-петицияны қолдау және қолдану маңызды.

2020 жылы Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Жолдауында Үкіметке онлайн-петицияларға арналған бірінші портал құрып, оның құқықтық нормативтік базасын жасауды тапсырған-ды.

Заң ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстанның құрметті заңгері Марат Қоғамовтың сөзінше, петиция – халықтың билікке ықпал етудің бір құралы. Ал қоғам белсендісі Қуаныш Есқабұлов «Петиция – халықтың үні мен арманы көрініс табатын үндеу. Петиция жазу мәдениеті дамыған жағдайда, билік пен халық арасында ашық диалог орнайды» деді.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ТӘЖІРИБЕ

Петиция қозғалысы Еуропада қалыптасып, даму жолына түсті. 2006 жылы Ұлыбритания азаматтардың билік органдарына өтініш беруді заңмен

ПЕТИЦИА

ДЕМОКРАТИЯ НЫШАНЫ МА?

Сәуір айынан ел азаматтары мемлекеттік және өкілді органдарға онлайн-петиция жолдап, елдік істерге араласуына мүмкіндігі бар. Тіпті 50 мың қол жинаса, Үкіметке ықпал етудің орайы келді. Бұл бастама – азаматтық қоғамды дамытып, «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асырудың бір жолы. Заң қалай іске асады, әлем елдерінің тәжірибесі қандай? Біз осы сұрақтарға жауап іздедік.



Mening fikrim деп аталатын портал іске қосылды. Порталға ұжымдық өтініш түскен сәттен оның заңдылығы тексеріледі. Азаматтардың мәселесіне Парламент назар салуы үшін петицияға кемінде 10 мың адам қол қоюы керек. Екі жыл ішінде Өзбекстанның заң шығарушы органы 7 петицияны қарады.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ
ПЕТИЦИА ҚОЗҒАЛЫСЫ

Қазақ қоғамына петиция ұғымы жат емес. Әсіресе XX ғасырдың басында қолданыста болды. 1902-1907 жылы қазақ халқын христиан дініне енгізуді тоқтатуды, оқу орнын құруда тиісті жағдай қалыптастыруды талап еткен петициялар Ресейдің орталық органдарына көп жолданды. Соның ішінде адамдарды көп қамтығаны «Қарқаралы петициясы» еді. 1905 жылы Ресей патшасы II Николайға жолданған өтініште сот ісін қазақ тілінде жүргізу, отаршыл аппарат шенеуніктерін қысқарту, жоғары билік органдары мен Мемлекеттік Думаға қазақ депутаттарын сайлауға қатыстыруды сұрады.

Бұған дейін petitions.kz, otinish.kz, onlinerepetition.kz, drfl.kz және тағы басқа сайттарда биліктің назарына түрлі тақы-

реттеп, мемлекеттік деңгейде онлайн-петиция платформасын іске қосты. Бұл елде 200 азамат үн қосқан петицияны мемлекеттік органдар қарайды. Егер 10 мың қол жиналса үкімет деңгейінде, 100 мың қол жиналса парламент депутаттарының талқылауына жіберіледі.

Ұлыбританияда интернет-қолтаңбаның ең үлкен жетістігі – автокөлік жүргізушілерінікі. Олар жолды пайдаланғаны үшін ақы төлемеуді талап етіп, онлайн-петицияға 2 миллионға жуық адам қол қойды. Нәтижесінде заң жобасын депутаттар кері қайтарды.

Францияда петиция ұлттық жиналыстың тиісті комитетінде қаралады. Ал Германияда арнайы петициялар комитеті жұмыс істейді. Онда жылына 50 мыңға дейін азаматтың өтініші қаралады. Егер петицияға 50 мың адам дауыс берсе, ондай ұсынымдар Бундестагқа жіберілетін петиция комис-

сиясының ашық отырысына шығарылады.

Демократиялы елдердің конституциясында азаматтардың бастамасын қарап, оған жауап беруімен бағалы. Мысалы, Португалия, Шотландия және Люксембургте петициялар Парламенттің веб-сайтында жарияланады. Сербия конституциясында азаматтар өтініш беруге және жауап алуға құқығы бар деп айқын көрсетілді.

2012 жылдан бастап жұмыс істейтін еуропалық азаматтық бастаманың сайтында: «Еуропалық Одақ азаматтары Еуропалық комиссияның атына өз өтінішін жібере алады әрі азаматтық бастама миллионнан астам дауыс алса, онда Еуропалық Парламенттің қарауына мақұлданған өтініш мәртебесіне ие болады.

АҚШ пен Еуропалық Одақ елдеріндегі қоғамдық бақылаудың бір түрі – азаматтық вето институты. Бұл рәсім референдумда дауыс беру арқылы

АДАМДАРДЫҢ ҚҰҚЫҒЫНА, БОСТАНДЫҒЫНА, ДЕНСАУЛЫҒЫНА, ИМАНЫНА НҰҚСАН КЕЛТІРЕТІН ПЕТИЦИЯЛАР ҚАБЫЛДАНБАЙДЫ. СОНДАЙ-АҚ ЕЛДІҢ ТҰТАСТЫҒЫНА, ҚОРҒАНЫС, ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІПКЕ, МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ МӘРТЕБЕСІНЕ, РАҚЫМШЫЛЫҚ ЕТУ, ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛЕР ШЕҢБЕРІНДЕ ҚАБЫЛДАНҒАН ШЕШІМГЕ БАЙЛАНЫСТЫ ӨТІНІШ ЖӘНЕ ТАҒЫ БАСҚАСЫ ҚАРАЛМАЙДЫ

билік органдары қабылдаған нормативтік құқықтық актілерді қабылдамауға ықпал етеді. АҚШ-та қоғамдық бақылаудың бір нысаны – полиция органдарының қызметін бақылау. Бұл құқық қорғау қызметкерлерінің өз құқығын теріс пайдалануға жол бермейді.

Онлайн-өтініш қарауда Өзбекстанның тәжірибесі қалыптасты. 2018 жылы бұл елде

рыпта петиция жарияланды. Павлодар мен Петропавл қаласының атауын қазақшалау туралы петицияға 50 мыңнан

P.S: Енді онлайн-петиция институтын дамытудың заңды тетігі бар. Кез келген азамат елдегі бастамаларға өз пікірін білдіріп, азаматтық қоғамның дамуына үлес қосуына мүмкіндік алды. Заңның пәрменді болуы адамдардың белсенділігіне тікелей байланысты.

аса адам үн қосты. Әйелдердің зейнет жасын 58 жасқа төмендетуді сұраған петиция 100 мыңнан аса қол жинады. Әкімдердің отставкасын талап еткен петициялар да көпшіліктің назарын аударды. Бірақ бұлардың құқықтық мәртебесі жоқ. Өйткені петицияны реттейтін заң да, ортақ сайт та болмады.

2023 жылы 2 қазан айында Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің қоғамдық бақылау және әкімшілік рәсімдерді жетілдіру мәселесі бойынша өзгерістер пен толықтырулар қаралды. Заң 2024 жылдың 4 сәуірінде күшіне енеді. Біздің елде петицияны беру тәртібі осы заң актілеріне сай іске асады.

Сәуір айынан онлайн өтінішті «e-Otinish» ақпараттық жүйесіндегі «Петиция» модулі арқылы беруге болады. Бұл туралы Мәдениет және ақпарат министрлігі Жастар және отбасы істері комитетінің төрағасы Қайрат Қамбаров айтты.

Интернет-ресурста петиция орналасқаннан кейін алты ай ішінде адамдар қосылып, үн қатып, өз көзқарасын білдіруге құқылы. Үкімет құзыретіне жататын мәселелер 50 мың дауыс жинауы тиіс. Облыс және республикалық маңызы бар қала әкімдіктері тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің тұрғындарының 1 пайыз дауысын, сондай-ақ осы деңгейдегі мәслихаттар 2 пайызын қамтыған кезде қаралады. Петиция міндетті түрде қабылдануға, тіркелуге, есепке алынуға және қаралуға жатады. Өтініш тіркелгеннен кейін тиісті дауыс санын жинаса, орталық мемлекеттік органдар 40 жұмыс күнде, әкімдіктер мен мәслихаттар 20 күнде жауап беруі керек, – деді Қайрат Қамбаров.

Орталық мемлекеттік органдар, жергілікті өкілді және атқарушы органдар петицияны қарау барысында уақытша комиссия немесе жұмыс тобын құрып, мәселені жан-жақты тексеріп, зерттейді.

Адамдардың құқығына, бостандығына, денсаулығына, иманына нұқсан келтіретін петициялар қабылданбайды. Сондай-ақ елдің тұтастығына, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік және қоғамдық тәртіпке, мемлекеттік тілдің мәртебесіне, рақымшылық ету, төтенше жағдайлар шеңберінде қабылданған шешімге байланысты өтініш және тағы басқасы қаралмайды.

«АДАМҒА ТАБЫН, ЖЕР, ЕНДІ!» ДЕЙ БЕРМЕЙІК...

Қазақтың қай ниетіне бергенін қайдам, өткен күзде далаға сыймай кетті деген сылтаумен киіктерді қан-жоса етті. Даланың иесі де, киесі де – ақбөкеннің қаны тамған жерге қыстың қиыншылығы қатты түсті. Көп ұзамай қар аралас жауын жауып, артынша Арқаға жұт келді.


Айгүл УАЙС

10 мыңға тарта жылқы қырылды деп жатқанда бөгендер жарылып, ауыл-ауылымен суға батқан елді мекендерді жоқтап тағы қалдық. Жұт жеті ағайынды, апыр-ай, Жер-ана тағы қандай қыспаққа алар екен?!

Жер бетінде жеті жылдық та жұт болған. Адал басшының арқасында одан да адам баласы аман өтіп, өсіп-өнген еді. Әлі де ел еңсесін көтерер. Алайда ай-күннің аманында осыншама қыспаққа түсуіміздің себебін іздеген жан бар ма?

Алдымен аштан қырылған жылқының жайын айтайын. Қыстың ауыр

болатыны күздің алғашқы қарынан белгілі болды. Ол кезде жылқының қазысы қайтпаған кез. Көнекөз қарттардан сұрап біліп едім, олар мұндай кезде жазда шөп-жемін жинап, малды қорада ұстайды екен. Мал санын көбейтпей, жарап тұрғандарын тұқымға қалдырып, қалғанын сатып, пұлын қалтасына басып отырады екен. Келесі жылы мал орнына мал алады. Малсақ қазақтар жайылымды жер жыртатын тырмамен жердің тонын ойып, қара жерге жем-шөп шашып та ылаждаған. Далада үсіп өлген жылқының жартысын сатып жем алдыртса, жартысы қалар еді ғой. Арқада суық болса табынды жылқыны жылы жаққа ықтырып, сол жақта қыстайтын да тәжірибе бар екен.



Ер Төстік ертегісі естеріңізде болар, жұттан малды сақтау үшін ағалары ауып кетпеуші ма еді. Ертегіні ертегі делік, шаруаның қамын ойлаған ел бас-

шылары бір-бірін қолдап, солтүстіктен ызғар соққанда, оңтүстікке ықтатып малдың амандығы үшін бірлесе әрекет етуге болмады ма?! Жайлау, қыстаудың

мәнін зерттеп, шаруаға қолданбаса, қазаққа мал қайдан бітеді?

Наурызды он күн тойладық. Бірақ Наурыздың басты ғұрпын ескерген жан болмады. Ең бастысы, ауылдардың айналасындағы бөгет, каналдарды тексеріп, көшелердегі су ағар арықтарды тазалап, судың жолын ашатын еді. Сақтансаң сақтайды. Басшыларға қарап ауыз ашып отырмай, ауыл адамдары жиналып қарекет етіп, етек-жеңін түгендеп отыруға болмас па?! Қарапайым нәрсе, ауламыздағы жауған қарды да күреуге жоқпыз. Ел шетіндегі өзен-көлдердің жаздығұні суы тартылғанда табанын тазалап, жиегін көтеретін. Техника қат болса, суға мал жалдап, өсіп тұрған қамысты орып, қалғанын малдың тұяғы таптайтын еді. Жер-ананың жайын ойламадық. Көзі соқыр адамдар дәрменсіз хал кешіп, өз портфельдерін өздері арқаламай, көмекшілеріне ұстататын әкім-қараға сендік. Сендік те, Жерден, ата-бабаның табиғатпен үйлесімді ғұмыр кешу жолынан бездік. Ақыры не болды?!

«АҚЖАУЫН» ЖӘНЕ СЕКЕН

«Ақжауын» бастапқыда ұлттық ансамбль болып құрылды. Оның тарихы 1997 жылдан басталады. Құрылғаннан бастап аз уақыт ішінде республикадағы ең алдыңғы қатарлы ұжымдар санатынан көрінді. Жапония, Қытай, Моңғолия, Франция, Германия, Украина сынды елдерде гастрольдік сапарда болып, ең үздік сахналарда өнер көрсетті.



Аманғали ҚАЛЖАНОВ

2000 жылы Қазақстан Жастар одағы сыйлығының, 2002 жылы шығармашыл жастардың халықаралық «Шабыт» фестивалінің лауреаты атақтарына ие болып, оркестрге 2003 жылы Үкімет қаулысымен «Ақжауын» мемлекеттік камералық оркестрі атағы берілді.

Қазіргі уақытта оркестр құрамында 30-дан астам өнерлі жас, халықаралық, республикалық конкурстардың лауреаттары жемісті еңбек етіп, халық өнерін насихаттауда. Оркестрдің құрамындағы мәдениет қайраткерлері кәсіби орындаушылық шеберлігін одан әрі көтеріп, жетілдіре түсуде және репертуарларын байытуда тынымсыз еңбек етуде.

«Ақжауын» камералық оркестрінің репертуары өнер ұжымының негізін қалаушы, көркемдік жетекшісі, көрнекті күйші-композитор, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Секен Тұрысбектің авторлық күйлерін және әр өңірдегі күйшілік дәстүрдің күйлерін, классикалық шығармаларды қамтиды. Оркестрдің шығармашылық жағынан өзіндік ерекшелігі – шағын камералық құрамда өзге оркестрлердің репертуарларын қайталамау.

Секен Тұрысбектің күйлері – бір-бір тарих. Мәселен, «Ару ана» күйі әйгілі жазушы Шыңғыс Айтматовтың «Боранды

бекет» романы әсерімен жазылды. Бұл туындыны күй-портрет деп атасақ болады. Осы қатарда атап өтуге лайық «Жұматай» дейтін күйі де бар. Аталмыш шығарма жыр қағаны – Жұматай Жақыпбаевқа арналған. «Ағаның алды – ақ жайлау» дейміз. Сол сияқты Секен Тұрысбектің ағаларына арналған «Ақ жайлау», көрнекті ақын Олжас Сүлейменов құрметіне жазылған «Жазғы қар» атты күйлері бар.

Әсіресе «Бесік» күйінің немесе шығарманың екінші атауы «Балаусаның» тарихы қызық. Аумалы-төкпелі жылдары, Секеннің әкесі Кәрім бесікте үлдеп жатқанда бұл әулет шекара асқан. Ақыры баласы Секен сол бесікпен кері оралды. Бұл күй сол тағдырдан, өз уәлеті, өзінің басынан өткен оқиғадан сыр шертеді.

Әрине, халық арасында кең танымал, жұрт сүйсініп тындайтын «Көңіл толқыны» және «Ақ жауын» күйлері туралы айтпай кетпеуге болмайды.



2000 жылы Қазақстан Жастар одағы сыйлығының, 2002 жылы шығармашыл жастардың халықаралық «Шабыт» фестивалінің лауреаты атақтарына ие болып, оркестрге 2003 жылы Үкімет қаулысымен «Ақжауын» мемлекеттік камералық оркестрі атағы берілді

Алғашқысы автор Анар мен Жанар атты қос перзентінен айырылғанда жазылды. Күйші-композитордың өзінің «Қасіреттен қасиетті өнер туады» деп айтатыны бар. Жапон халқы осы «Көңіл толқыны» күйін өз қасіретіндей қабылдайды. Бұл күйді естігенде, Хиросима мен Нагасаки қасіреті есіне түседі. Оның себебі кезінде «Көңіл толқыны» атом жарылысына арналған деп хабарланған. Ал «Ақ жауын» қоғамдағы қайшылықтарды шаю үшін жазылған. Осы күй Қытайдағы телеарналардың бірінен ауа райы болжамы айтылғанда ойнатылады.

Секен Тұрысбек аса көрнекті ақын Мағжан Жұмабаевтың «Батыр Баян» дастаны желісімен белгілі режиссер Сламбек Тәуекел түсірген, поэзиялық шығарма аттас көркем фильмді музыкамен көркемдеді. Соның ішінде шоқтығы биік туындының бірі – «Дарабоз» күйі.

«Ақжауын» камералық оркестрі репертуарында күй атасы – Құрманғазы-

ның, күй анасы – Дина Нұрпейісованың туындылары, халық күйі «Бұлғын сусар», Кетбұғаның «Ақсақ құлан», Мүкейдің «Қосбасқан қоңыр», Тәттімбеттің «Бес төре», Жантөренің «Шалқыма», Төлеген Момбековтің «Салтанат» күйлері де бар. Осы соңғы аталған күйді Секен Тұрысбек автор қолынан алды. Оркестр Монтидің «Чардаш», Карл Дженкинстің «Палладио», Уильямның «Виктория» сынды әлемдік классикалық туындыларды да орындайды. Жалпы «Ақжауын» репертуарына 200-ге жуық ән мен күй енген.

Секен Тұрысбек – бірнеше танымал әннің авторы. Әндерінің біразы көрнекті ақын, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Несіпбек Айтұлымен шығармашылық бірлестікте туған. Секен Тұрысбек ұлы Абайдың «Мен бір жұмбақ адаммын» өлеңіне де ән жазды. Күйші-композитор көрнекті ақын, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Ұлықбек Есдәулеттің өлеңдеріне де ән жазды.



АЙТПАЙЫН-АҚ ДЕП ЕДІМ...

КІНӘ КІМДЕ?

Жақында БАҚ беттерінде тараған «Астанадағы 66 жекеменшік мектептің басым көпшілігі аралас тілді болса, 5-еуі қазақ тілді, 15-і орыс тілінде оқытады» деген ақпарат жұртты біраз шулатты. Мұның басты себебі неде? Халық өзі кінәлі ме, әлде бұл биліктің мемлекеттік тілге немқұрайды қарағанының көрінісі ме?

Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

Ұлттық бюро статистикасының жыл сайынғы есебі бойынша 2023 жылдың басында елімізде қазақтардың үлесі 70,65 пайызға жетіп, бас қала ұлттымыз үлесі 80 пайыздан (81,09%) асқан бес өңірдің қатарына кіргенмен, Астанада аралас тілді мектептер жыл сайын көбейіп келеді. Өйткені елімізде оқыту тілі ата-аналардың қалауына қарай айқындалатындықтан, орыс тілін өз ана тілінен артық көретін және «орыс тілін білмесе жан баға алмайды» деп білетін қазақтар баласын орыс тілді немесе аралас тіл-

ді мектептерге сүйрегенін қояр емес. «Қазақ тілінің ешқандай келешегі жоқ» деп түсінетін олар қазақ тілді мектептерді де аралас мектепке айналдыруға көп әрекет жасайды. Соның салдарынан Қазақстанда

аралас мектептердің саны артып барады. Мәселен, 2016 жылы 2045, 2017 жылы 2037, 2018 жылы 2046, 2019 жылы 2054, 2020 жылы 2043, 2021 жылы 2047 аралас мектеп болса, 2022 жылы бұл көрсеткіш

2778-ге бір-ақ қарғыған. 2010 жылы Қазақстандағы мектептердің 68,5 пайызы қазақ тілді болса, 2020 жылы бұл көрсеткіш 51,2 пайызға дейін құлдыраған.

Аралас мектептердің біртіндеп азаюдың орнына қайта көбеюі – мемлекеттік тілдің болашағына деген сенімнің азая бастағанының көрінісі. Сондай-ақ «Аралас мектеп – отарлық саясаттың классикалық түрі» деп Мекемтас Мырзахметұлы айтқандай, қанымызға өтіп кеткен құлдық сана да халықты соған итермелеп отыр. Бұл арада мектепті, ата-ананы кінәлағаннан ештеңе өзгермейді. Өйткені мемлекет ұрпақты қазақша оқуға ынталандырып отырған жоқ. Себебі елімізде қазақ тілінде оқыса, мемлекеттік тілді қанша жетік білсе де, орыс тілін игермесе, министр, әкім, депутат бола алмайды,

дұрыс жұмыс таба алмайды. Керісінше, қазақ тілін білмесе де, министр немесе әкім бола алады. Осыны көріп-біліп отырған халық баласын орыс мектепке немесе аралас мектепке сүйремей қайтеді?! Олар неге керек емес тілде баласын оқытып, ұрпағын қинайды? Қазақ тілінде білім беретін мектептердің орыс тілді мектептерден оқу сапасы төмен деген – бос сөз. Қазір көптеген ата-ана қазақ тілін керек емес тіл деп санайды. Тіпті қазақ тілді мектептің баласы «маған қазақ тілі не үшін керек?» дейтін халге жеттік. Демек, аралас мектептің көбеюінің астарында ұлттық идеологияның жоғы мен мемлекеттік тіл саясатының әлсіздігі жатыр. Билік мемлекеттік тілге мән бермей, қазақ тілін игермей, аралас мектеп те азаймайды.



Биыл Ұлы Отан соғысының ардагері, Ішкі істер министрлігінің құрметті зейнеткері Ашубасар Жанахметов көзі тірісінде 100 жасқа толар еді. Майдангердің өшпес ерлігі, қайсарлығы мен батырлығы есімізде мәңгілік сақталады.

ЕРЛІГІ МӘНГІЛІК ЕСТЕ

Ақмола облысы Қорғалжын ауданы Қоржынкөл ауылында 1924 жылдың 1 сәуірінде дүниеге келген ардагер өмірлік жолында тағдырдың қилы соқпақтарына қарсы тұрған жан еді. Әкесі Жанахмет жұттың нәубетінен қайтыс болып, үйдегі Злиха ана балалармен жалғыз қалады. Арада бір-екі жыл өтіп, елде 3 миллионға жуық халық қырылып, артында Злиха ана екі қызымен бірге көз жұмды. Ал Орын есімді бір қызы із-түссіз жоғалып кетеді. Жападан-жалғыз қалған Ашубасарды мейірімді жандардың бірі Қорғалжындағы балалар үйіне апарды. Кейін 1936 жылы жақындары өз панасына алып, екі жылдан соң 14 жасар жеткіншек Степняк қаласына аттанады, сол жерде білім алады. Орталықтағы Қарсақпай кентінде жұмысқа орналасып, 1942 жылы Қызыл армияның әскері қатарына шақырылады. 1946 жылға дейін Мәскеу мен Ленинград қалаларын күзету бойынша КСРО Ішкі әскерлерінің бірінші арнайы батальоны қатарында қызмет етеді. Ардагер соғыстағы ерлігі үшін



бірқатар марапатқа ие болған. 1947 жылы Ақмола қаласы Ішкі істер басқармасының сапында инспектор, аға инспектор, іздестіру бөлімі бастығының орынбасары болып, артында зейнет демалысына шығады.

Қоғам мен отбасының игілігі үшін қажымас еңбектің ерен үлгісін, сондай-ақ даналық пен әділдіктің бейнесін көрсете білген Ашубасар Жанахметовті жақындары, жора-жолдастары мақтанышпен еске алады. Бүгінде артынан ерген 8 баласы, 11 немересі, 2 шөбересі мен 2 шөпшегі үшін ардақты өке, болмысы қатал болғанмен, мінезі жұмсақ ата, өмір жолы өнегеге толы азамат ретіндегі бейнесі биікте қала бермек.

Салтанат ЖАНАХМЕТОВА, ҚЫЗЫ

Астана қаласының «Алматы» ауданы – 1 лот, «Байқоңыр» ауданы – 2 лот, «Есіл» ауданы – 3 лот, «Нұра» ауданы – 4 лот, «Сарыарқа» ауданы – 5 лот бойынша тұрғындардан қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауды және тасымалдауды жүзеге асыратын қатты тұрмыстық қалдықтар нарығының қатысушыларын айқындау бойынша конкурс жариялау «Астана қаласының Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы» ММ Астана қаласының «Алматы» ауданы – 1 лот, «Байқоңыр» ауданы – 2 лот, «Есіл» ауданы – 3 лот, «Нұра» ауданы – 4 лот, «Сарыарқа» ауданы – 5 лот бойынша тұрғындардан қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауды және тасымалдауды жүзеге асыратын қатты тұрмыстық қалдықтар нарығының қатысушыларын айқындау бойынша конкурсты жариялайды.

Ұйымдастырушы:	«Астана қаласының Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы» ММ
Орналасқан жері:	Астана қаласы, Сарыарқа даңғылы, 13
Байланыс телефоны:	8 (7172) 55-75-12, uoosip@astana.kz
Конкурстық комиссияның хатшысы:	Райхан Олжабайқызы Сағынтаева – «Астана қаласының Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы» ММ әкімшілік бөлімінің басшысы
Өтінімдерді қабылдау мекенжайы:	Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қ., Сарыарқа даңғылы, 13, 4-қабат, 415-кабинет
Өтінімдерді беру мерзімі:	2024 жылғы «15» сәуірден 2024 жылғы «06» мамырға дейін
Жұмыс кестесі:	дүйсенбі-жұма 8:30-дан 18:00-ге дейін, түскі үзіліс 13:00-ден 14:30-ға дейін, 2024 жылғы «15» сәуір
Өтінімдерді берудің басталу күні:	2024 жылғы «06» мамыр, сағат 09:00
Өтінімдерді берудің аяқталу күні:	2024 жылғы «06» мамыр, сағат 09:00
Көрсетілген мерзім өткеннен кейін келіп түскен өтінімдер қабылданбайтынын атап өтеміз.	

Өтінімдер қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауды және тасымалдауды жүзеге асыратын кәсіпкерлік субъектілерінен (дара кәсіпкерлерден немесе заңды тұлғалардан) қабылданады. Әлеуетті қатысушы конкурста қатысуға өтінімді конвертте мөрлейді, оның бет жағында әлеуетті қатысушының толық атауы және пошталық мекенжайы (егер ол «кеш» деп жарияланса, конкурста қатысуға өтінімді ашылмаған түрде қайтару мақсатында), конкурсты ұйымдастырушының толық атауы мен пошталық мекенжайы, конкурстың атауы, «_____» ауданы, № _____ лот, сондай-ақ мынадай мазмұндағы мәтін: «Астана қаласы «_____» ауданының аумағынан қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауды және тасымалдауды жүзеге асыратын қатты тұрмыстық қалдықтар нарығының қатысушыларын айқындау бойынша конкурс» және «2024 жылғы 6 мамыр сағат 11:00-ге дейін ашпаңыз» деп көрсетілуі тиіс.

Конкурста қатысуға өтінімді әлеуетті қатысушылар немесе олардың уәкілетті өкілдері конкурсты ұйымдастырушыға «06» мамыр айының сағат 09:00-ге дейін қосқанда, қолма-қол немесе мына мекенжай бойынша: Қазақстан Республикасы 010000, Астана қ., Сарыарқа даңғылы, 13, 4-қабат, 415-кабинет, конкурстық комиссияның хатшысы Райхан Олжабайқызы Сағынтаева, тапсырысты пошта байланысын пайдалана отырып ұсынады.

Конкурстық құжаттаманы Астана қаласы әкімдігінің ресми сайтынан жүктеуге болады: <https://www.gov.kz/memleket/entities/astana?lang=kk> («Құжаттар» бөлімі) немесе Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қ., Сарыарқа даңғылы, 13, 4-қабат, 415-кабинет мекенжайы бойынша қолма-қол алуға болады (өзімен бірге флэш-жинақтағыш болуы керек).



ШИРЕК ҒАСЫР САХНАДА

Биыл Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияның симфониялық оркестрінің құрылғанына 25 жыл толып отыр. Өнер ұжымы мерейтойына орай «Бізге 25» концерттік бағдарламасын ұсынды. Кеште шақырылған солист ретінде болгар скрипкашысы Павел Минев өнер көрсетті.

Елорданың жетекші кәсіби ұжымының бірі – Е.Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияның симфониялық оркестрі 1999 жылы құрылды. Оркестрдің көркемдік жетекшісі және негізін қалаушы – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Абзал Мұхитдин. Бас дирижер – «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты Қалқан Дүйсембаев.

Өнер ұжымы Қазақстан қалаларында концерттік және гастрольдік қызметті белсенді жүргізеді, сондай-ақ Италия, Германия, Франция, Грекия, Египет және т. б. елдердегі халықаралық фестивалдарда сәтті өнер көрсетті.

Осы жылдар ішінде оркестр отандық дирижерлер Қанат Ахметов, Әкім Мұхатжанов, Ерлан Бақтыгерей, Берік Бағырхан, Ернар Нұртазин, Абзал Мұхитдиновтің жетекшілігімен көптеген классикалық музыка концерттерін өткізді. Бірқатар жоба көрнекті музыканттар – танымал тенор Пласидо Доминго (Италия), Такаши Шимицу (Жапония), Глория Компанер (Италия), Ахмед Агади, Сергей Кравченко, Максим Федотов,

Денис Мацуев (Ресей), Фредди Кемпф (Ұлыбритания), Франческо Калеро (Испания), Франсуа Чаплин және Давид Бисмут (Франция), Армен Бабаханян (Армения) қатысуымен жүзеге асты. Оркестрмен Қазақстан-

Паппас (Греция), Филипп Юи (Франция), Кристиан Делисо (Италия), Беньямин Юсупов, Ваг Папьян (Израиль), Габор Холлерунг (Венгрия), Юн Ки-Ён (Оңтүстік Корея), Маурицио Чампи (Италия), Хироаки

зета», «Голос Америки», «Grazia» журналы (Италия), т. б. әлемдегі жетекші баспасөз құралдарында «Қазіргі заманғы Паганини» деп жазылды. Әлемдегі әйгілі залдарда ең танымал оркестрлер және музыканттармен бірге өнер көрсетті. Атап айтқанда, Карнеги-холлда, Columbia Artists Management Hall-да, Мәскеу консерваториясының Үлкен залында, Берлин филармониясы және Санкт-Петербург филармониясының Үлкен залында өнерін паш етті.

Павел Минев – Италия, Ресей, Болгария, Чехиядағы беделді халықаралық байқаулардың, сондай-ақ Польшадағы Г.Венявский атындағы халықаралық фестивальдің бірінші сыйлығының лауреаты. Музыканттың аудиожазбалары АҚШ, Еуропа, Ресейде шықты. Павел Минев Great Artists Musical World атты көрнекті музыканттардың әлемдік «топ-тізіміне» кіреді.

Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияның симфониялық оркестрі мерейтойы аясында 19 сәуір күні де концерт өткізеді. Онда солист болып Зарина Ақаева (фортепиано) өнер көрсетеді.



ның көрнекті музыканттары Бибігүл Төлегенова, Айман Мұсақожаева, Жәния Әубәкірова, Нұржамал Үсенбаева, Майра Мұхамедқызы, Марат Бисенғалиев, Әмір Тебенхин, Ержан Күлібаев өнер көрсетті.

Симфониялық оркестрге Саулос Сондецкис (Латвия), Кшиштоф Пендереккий (Польша), Владимир Ашкенази, Стефанос Циалес, Анастасиос

Уэба (Жапония) сынды атақты шетелдік дирижерлер дирижерлік етті.

Оркестр репертуарында П. Чайковский, В.А. Моцарт, Н. Паганини, Н. Римский-Корсаков сынды әлемдік классик композиторлары мен отандық композиторлардың шығармалары енген.

Болгар скрипкашысы Павел Минев туралы «Российская га-

Дайындаған **Аманғали ҚАЛЖАНОВ**

«ASTANA TIGERS» – ЕЛ ЧЕМПИОНЫ

Баскетболдан ерлер арасындағы жоғарғы лиганың жүлдегерлері анықталды. Елорданың «Astana Tigers» командасы Қазақстан чемпионы атанды.



Ел біріншілігінің соңғы шешуші турында 8 команда жарысқа түсті. Ұпай саны бойынша Астана командасымен бірге «Шымкент» командалары чемпиондыққа таласты. Тартысты ойындардың

нәтижесінде «Astana Tigers» командасы 51 ұпаймен чемпион атанды. Ал «Шымкент» командасы 50 ұпаймен күміс жүлдеге қол созды. Қола жүлдені Түркістан облысының «Тұран» командасы иеленді.

РИЗАБЕК – КҮМІС ЖҮЛДЕГЕР

Еркін күрестен әлем чемпионы Ризабек Айтмұхан екінші мәрте Азия чемпионатының күміс жүлдегері атанды.



Ұлттық Олимпиада комитетінің хабарлауынша, 97 келі салмаққа ауысқан қазақ балуаны осы салмақтағы әлем чемпионы, Бахрейн елінің атынан сынға түскен дағыстандық балуан Ахмед


Тажудиновқа финалда есетінің хабарлауынша, 97 келі салмақтағы әлем чемпионы болған еді. Ал қазір олимпиадалық салмақта, яғни 97 келіде күреспі жүр.

Дайындаған **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**



МУЗЕЙ МЕРЕЙТОЙЫНА КӨРМЕ ҰСЫНДЫ

Ұлттық музейдің 10 жылдығына орай «Дала кескіндемесі: рәміздер, бояулар, бейнелер» көрмесі өтіп жатыр.



Көрме экспозициясына жалпы саны 200-ге жуық кескіндемелік шығарма қойылған. Олардың арасында Әбілхан Қастеев, Әубәкір Ысмайылов, Орал Таңсықбаев, Салахитдин Айтбаев, Үкі Әжиев, Айша Ғалымбаева, Гүлфайруз Ысмайылова, Камил Муллашев, Амандос Ақанаев, Ерболат Төлепбай, Алпысбай Қазығұлов, Ағымсалы Дүзел-

ханов және тағы басқа көптеген қазақстандық танымал қылқалам шеберлерінің тамаша туындылары бар. Көрме «Қазақ кескіндемесіндегі тарихи сюжеттер», «Табиғат бейнелері – алуан түрлі пейзаждық мотивтер», «Қазақстан өнеріндегі суретші әйелдер», «Қазіргі заманғы өнер – жаңа есімдер» сияқты тақырыптық аймақтарға бөлінген.

Көрермен назарына үздік көркемсурет туындылары, gobelenderмен қатар, дәстүрлі қолөнер, зергерлік және тоқымашылық өнер бұйымдары, музыкалық аспаптар ұсынылды. Экспозициядағы туындылардың басым бөлігі алғаш рет көрмеге шығарылды. Музей қорында сақталған бұл құнды жәдігерлердің бірқатарына күрделі

қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді.

Экспозицияның ашылуында Бақыт Қайырбековтің «Су жолы» деректі фильмі ұсынылды. Қобыз, домбыра үнімен көркемделген фильмде Қазақстан табиғаты көрсетіліп, режиссер өлеңдері де оқылады.

Көрме осы жылдың 31 шілдесіне дейін жалғасады.